

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы

Соркөл орта мектебі

Бекітемін

Мектеп директоры:



С.Т.Қойайдаров

Келісемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Г.Дарибаева

Балаларды дамыту шағын орталығының тәрбиешісі

Кайырзаманова Санимгулдің

ортаңғы тобына жасаған перспективалық жоспар

2022-2023 оқу жылы

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы  
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** «Соркөл орта мектебі»

**Топ/сынып:** «Жұлдыздар» орта тобы

**Балалардың жасы:** 3 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** қыркүйек айы, 2022-2023 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қыркүйек	<b>Дене шынықтыру</b>	дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту; негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру; мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу; денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты, үйлесімділікті дамыту; қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу; күнделікті өмірде, спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беру. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.
	<b>Көркем әдебиет</b>	Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.
	<b>Қазақ тілі</b>	Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беру.

<p><b>Математика негіздері</b></p>	<p>«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша» сұрағына жауап беру. Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.</p>
<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p>«Мен» бейнесін, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту. Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға, оларға өзін жақсы көргені, қамқор болғаны үшін ырзашылық білдіруге баулу.</p>
<p><b>Құрастыру</b></p>	<p>Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.</p>
<p><b>Сурет салу</b></p>	<p>Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.</p>
<p><b>Мүсіндеу</b></p>	<p>Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.</p>

	<b>Жапсыру</b>	<p>Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.</p> <p>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.</p>
	<b>Музыка</b>	<p>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.</p> <p>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балғашық, сылдырмақ, барабан, металлофон және т.б.) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Соркөл орта мектебі»

Топ/сынып: «Жұлдыздар» орта тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 2022-2023 оқу жылы қазан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚАЗАН	Дене шынықтыру	Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Өрмелеу., еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты, үйлесімділікті дамыту; қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу; күнделікті өмірде, спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.
	Сөйлеуді дамыту	Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.
	Көркем әдебиет	Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.
	Қазақ тілі	Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.
	Математика негіздері	Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.
	Құрастыру	Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.

	Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.
<b>Сурет салу</b>	Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.
<b>Мүсіндеу</b>	Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.
<b>Жапсыру</b>	Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.
<b>Музыка</b>	Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Соркөл орта мектебі»

Топ/сынып: «Жұлдыздар» орта тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 2022-2023 оқу жылы қараша айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚАРАША	Дене шынықтыру	Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру дағдыларын дамыту. Заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр), көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; жалпы даму жаттығуларын дұрыс орындай білу; Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.
	Сөйлеуді дамыту	Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.
	Көркем әдебиет	Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.
	Қазақ тілі	Сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақ жаттау. Шағын мәтіндер құрау үйрету.
	Математика негіздері	Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты таба білу, тең және тең емес заттар тобын және екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстыру; ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстыра отырып, ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды атау.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.
	Құрастыру	Балалар қалдық материалдан бұйым жасауды үйренеді. Бөліктерді біріктіру үшін желімді пайдалану шеберліктерін дамиды.
	Сурет салу	Сюжеттік сурет салуды және қарындашпен сурет салу тәсілдерін үйрету.

	Дәстүрлі сурет салудың техникасын жетілдіру
<b>Мүсіндеу</b>	Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.
<b>Жапсыру</b>	Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.
<b>Музыка</b>	Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**



Білім беру ұйымы: «Соркөл орта мектебі»

Топ/сынып: «Жұлдыздар» орта тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 2022-2023 оқу жылы желтоқсан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ЖЕЛТОҚСАН	Дене шынықтыру	балалардың өз денсаулығына саналы көзқарасын және салауатты өмір салтының қажеттілігін қалыптастыру;
	Сөйлеуді дамыту	Қыста табиғатта болатын құбылыстар жайлы түсіну арқылы, жылдың әр мезгіліндегі құстар мен жануарлардың тіршілігі туралы білімдерін жүйелеу. Әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін түсіну арқылы табиғатқа деген сүйіспеншіліктері артады. Шағын мәтіндер құрауға жаттықтыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру.
	Көркем әдебиет	Қысқа өлеңді мәнерлі, мағыналы түрде эмоционалды жатқа айтуға, шығарма жанрын ажыратуға үйренеді. Тақпақты жатқа айтуға дағдыландыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білуде дағдыларын жетілдіру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.
	Қазақ тілі	Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Жай сөйлемдер құра білу дағдыларын қалыптастыру. Зейін қойып тыңдау, көру, таныс сөздерді таба білу секілді қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру
	Математика негіздері	Тәулік бөліктері, заттардың орналасуы (сол жақта, ортасында, оң жақта) туралы білімдерін қалыптастыру. Балалардың тәулік бөліктері туралы түсінігін нығайту; Бір затты екіншісіне беттестіру, жанына қойып тұрғастыру, биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Балаларда табиғаттың маусымдық өзгерістері туралы, табиғат құбылыстары мен өсімдіктер мен жануарлар тіршілігінің байланысы туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Балаларды қыс туралы көркем шығармалармен таныстыру, кітаптардағы иллюстрацияларға қызығушылықты ояту. Жанды және жансыз табиғат арасында байланыс орнатуға үйрету (ауа-райы - судың, қардың жағдайы; мезгіл – өсімдіктердің күйі, талдау, жасау
	Құрастыру	Балалардың қарапайым құрылыстарды орындау және тұрғызу қабілеттерін арттыру. Бөлшектердің аттары туралы білімдерін бекіту; Лего конструкторына қызығушылықты оятуды жалғастыру, балаларды схема бойынша және үлгі бойынша салуды үйретуді жалғастыру;
	Сурет салу	Балаларға даладағы, ормандағы, ауылдағы қыс мезгілінің суретін сурет арқылы жеткізуге үйрету. Түрлі үйлер мен ағаштардың суретін салу дағдыларын бекіту. Суретте әртүрлі материалдарды біріктіру арқылы сурет салуды үйреніңіз: түрлі-түсті балауыз қарындаштар, бояу (гуашь) арқылы бейнелеуді қабылдау, бейнелеу, шығармашылық қабілеттерін дамыту.
	Мүсіндеу	Алақан арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қимылдары арқылы, балалардың әртүрлі көлемдегі заттарды мүсіндеу, тегістеу қабілеттерін арттыру. Түсті ажыратуға және атауға үйрету, заттардың пішіні туралы білімдерін бекіту, контур бойымен заттарды бір немесе екінші қолмен кезектесіп айналдыру арқылы

		балалардың түстер тәжірибесін байыту. Пластиннің кішкене бөліктерін тұтас бөліктен шымшу мүмкіндігін бекіту үшін оны алақандар арасында айналмалы қозғалыспен айналдыру.
	<b>Жапсыру</b>	Бейнені айқын беру үшін сұлбаны қию, жапсыру тәсілдерін қолдануды үйрету. оларды парақтың бетіне жапсыру; әртүрлі реңктегі қағазды қолдануға ынталандыру. Балаларда: шығармашылықты дамыту; саусақтардың ұсақ моторикасын; қағаз парағында затты композициялық түрде орналастыру өз әрекеттерін бүкіл ұжымның жұмысымен үйлестіру қабілетін дамыту.
	<b>Музыка</b>	Музыкалық шығармалардың сезімдік мазмұнын, сипатын ажыратуға үйрету: Нәзік, сабырлы, көңілді, көңілсіз әнді сезіне айтуға үйрету. Әннің не туралы айтылатына түсінік беру. Музыканың шығармашылық іс-әрекеттің қарапайым, дағдыларын меңгеру. Әннің сөзін толық айтуын қадағалау.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Соркөл орта мектебі»

Топ/сынып: «Жұлдыздар» орта тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 2022-2023 оқу жылы қаңтар айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚАҢТАР	Дене шынықтыру	Кең адым жасап, жүгіру адымы тактісін қол қимылдары мен үйлестіріп жылдам қарқынмен жүгіреді. Еденге салған тақтай бойымен қос аяқпен секіреді. Допты жоғары қарай лақтырып, оны қос қолымен қағып алады. Аяқтың ұшымен жүреді, жүгіреді. Допты жоғары қарай лақтырып, оны қос қолымен қағып алады. Қос аяқпен бір құрсаудан екінші құрсауға секіреді. Лақтырады, қағып алады. Футбол. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен домалатуға үйренеді
	Сөйлеуді дамыту	Сурет бойынша әңгімелейді. Қыс мезгілін сипаттай білуге үйренеді, Балалар таныс ертегілерді тыңдап, өздері рөлдерге бөліп ойнайды, ондағы кейіпкерлердің дауыс ырғағын келтіріп айтуға үйрену.
	Көркем әдебиет	Қысқа өлеңді мәнерлі, мағыналы түрде эмоционалды жатқа айтуға, шығарма жанрын ажыратуға үйренеді. Тақпақты жатқа айтуға дағдыландыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білуде дағдыларын жетілдіру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.
	Қазақ тілі	Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Жай сөйлемдер құра білу дағдыларын қалыптастыру. Зейін қойып тыңдау, көру, таныс сөздерді таба білу секілді қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру
	Математика негіздері	Түрлі заттар тобын қатар қою, үстіне қою арқылы көлемі, саны бойынша салыстырады. Заттарды қатар қойып салыстыру кезінде «сонша, неше...», «үлкен», «кіші» терминдерін пайдалануға үйренеді
	Қоршаған ортамен таныстыру	Қыста табиғатта болатын құбылыстар жайлы түсінеді. Әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін түсіну арқылы табиғатқа деген сүйіспеншіліктері артады.
	Құрастыру	Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре біледі және онымен ойнай отырып, шығармашылық қиялдау дағдылары қалыптасады.
	Сурет салу	Түстердің үйлесімдігіне назар аударуға үйренеді. Таяқшаларды пайдаланып сурет салуға үйрету.
	Мүсіндеу	Пластиннің кішкене бөліктерін тұтас бөліктен шымшу мүмкіндігін бекіту үшін оны алақандар арасында айналмалы қозғалыспен айналдыру.
	Жапсыру	Саусақтардың ұсақ моторикасын; қағаз парағында затты композициялық түрде орналастыру өз әрекеттерін

		бүкіл ұжымның жұмысымен үйлестіру қабілетін дамыту.
	<b>Музыка</b>	Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашықжарқын, көңілсіз, мұңды).

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Соркөл орта мектебі»

Топ/сынып: «Жұлдыздар» орта тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 2022-2023 оқу жылы ақпан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	<b>Дене шынықтыру</b>	Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру:
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Сөйлеу қарқынын меңгерту. Ертегілер, тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Балалар иллюстрацияларды қарап, өз бетінше әңгіме құрастыру. Табиғат құбылыстарын, тұрмыстық заттар, мамандықтарды білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен сөздік қорларын толықтыру.
	<b>Көркем әдебиет</b>	Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, автор сөздерін айту. кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда мүмкіндік беру.
	<b>Қазақ тілі</b>	Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету.
	<b>Математика негіздері</b>	"Көп", "бір" ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету. Шама. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан жіңішке жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу. Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері кеңейту.
	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен

	<p>қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p> <p>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.</p> <p>Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. Өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің, табиғат туралы суреттердің, заттардың пішіндеріне, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнгерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау дағдыларын дамыту.</p> <p>Дәстүрден тыс әдіс бойынша сурет салу тәсілдерін бекіту.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.</p> <p>Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.</p>
<b>Музыка</b>	<p>Музыка тыңдау. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).</p> <p>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.</p> <p>Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.</p> <p>Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Соркөл орта мектебі»

Топ/сынып: «Жұлдыздар» орта тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 2022-2023 оқу жылы наурыз айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	<b>Дене шынықтыру</b>	Тапсырманы орындай отырып, жүру және жүгіру. Басына қап қойып, тепе-теңдікті сақтай отырып, жіптің бойымен жүгіріп, алақан мен табанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу. Екі аяқтың ұшымен итеріліп, орташа биіктікке секіру. Допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалатуды, 2 метр арақашықтықта допты бір-біріне төменнен лақтыру дағдыларын бекіту.
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Көктем мезгілі, ұлттық мерекеге байланысты сөздерді түсіну дағдыларын, жыл құстарды танып дұрыс атау, жаңылтпаштарды айтуға үйрету. Жыл мезгілінің ерекшеліктерін айта алу, суреттер туралы шағын мәтіндер құрастыруды дағдыландыру. Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. Сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту.
	<b>Көркем әдебиет</b>	Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрыс жеткізе білу дағдыларын және сөйлеу мәдениетін дамыту. Сөздік қорларын, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды дамыту
	<b>Қазақ тілі</b>	Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақ қойып, оларға жай сөйлеммен жауап беруге дағдыландыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту.
	<b>Математика негіздері</b>	Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері кеңейту. Таныс заттарды биіктігіне қарай (биік, аласа) салыстырып, оларды сол белгілері бойынша біріктіру. Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру.

<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету. Көктемгі табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау. Табиғат дыбысын, яғни судың сылдырын, желдің , жаңбырдың дыбысын және жануарлардың дауыстарын ажырата алу дағдыларын дамыту.
<b>Құрастыру</b>	Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту.
<b>Сурет салу</b>	Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту.
<b>Мүсіндеу</b>	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Ермексазды илеу, домалақтау, созу арқылы заттық мүсіндеу. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.
<b>Жапсыру</b>	Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден эзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.
<b>Музыка</b>	Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, домбырамен қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**



**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған  
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** «Соркөл орта мектебі»

**Топ/сынып:** «Жұлдыздар» орта тобы

**Балалардың жасы:** 3 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** сәуір айы, 2022-2023 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
сәуір	<b>Дене шынықтыру</b>	<p>Сызықтар арасымен (10 см арақашықтық) жүре отырып, 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеу.</p> <p>Көлбеу тақтайда жоғары-төмен жүру. Допты бір-біріне лақтырып, оны екі жағынан бірдей еркін қол қимылдарымен қағып алу дағдыларын бекіту.</p> <p>Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p> <p>Қимылды ойындар. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.</p>
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді айта білу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: өлі және тірі табиғат туралы әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p>
	<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға баулу. Көктем мезгілін дегі өсімдіктердің тіршілігі туралы, орманда, бақшада, далада өсетін өсімдіктер туралы, нанның адам үшін маңыздылығын түсіндіру. Адамдардың ғарыш әлеміне жасаған алғашқы сапарлары туралы түсіндіру. Жәндіктер (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа) туралы түсіне отырып, топқа бөліп жұмыс жасау.</p>
	<b>Қазақ тілі</b>	<p>Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру. Балалардың сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тілдерін жетілдіру. Көктемгі еңбек түрлерін қазақша айта алу. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.</p> <p>Жыл құстарды танып дұрыс атау, жаңылтпаштарды айтуға үйрету. Қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру</p>

<b>Математика негіздері</b>	Кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту. Қоршаған ортада геометриялық пішіндерге ұқсас заттарды анықтау. Өзіне қатысты кеңістіктегі бағыттарды: оң-сол, алды-арты, жоғары-төмен, алыс-жақын, биік- аласа ажырата білу. "Көп", "бір" ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, "қанша? неше?" сұрағына жауап беру.
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Балалар көктемдегі еңбек туралы, дән тұқымымен таныса отырып, , бидайдан нан жасалатынын түсіндіру. Балалар аспан әлеміндегі қызықты оқиғалармен таныстыру. Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді кеңейту.
<b>Құрастыру</b>	Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршық тап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.
<b>Сурет салу</b>	Балалардың сүйікті ертегі кейіпкерлерін, тақырыптық суреттерді өз қалаулары бойынша салуға үйрету. Қылқаламмен сурет салуға және дәстүрден тыс әдісті қолдана отырып, сурет салу. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету.
<b>Мүсіндеу</b>	Ермексазды илеу, домалақтау, созу арқылы мүсіндеу. Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.
<b>Жапсыру</b>	Жапсыру мазмұнын күрделі ете және әртүрлі бейнелерді жасау үшін оған қызығушылыққа баулу. Затты бүктеп кию тәсілдерін үйрене отырып, қағаз бетіне ұқыпты жапсыра білу. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша ара-қатынасын ескеріп тақырыптық заттарды жапсыра білу.
<b>Музыка</b>	Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Билер: Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Соркөл орта мектебі»

Топ/сынып: «Жұлдыздар» орта тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы, 2022-2023 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
мамыр	<b>Дене шынықтыру</b>	Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жүппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу дағдыларын бекіту. Жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін, бірлескен қимылды ойындарға қатысу, қимылды ойындарды қызығып ойнау, күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі. Өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларын, салауатты өмір салты туралы түсініктерін, үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын бекіту.
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.
	<b>Көркем әдебиет</b>	Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру. Сұраққа толық жауап бере алу дағдыларын және артикуляциялық аппаратты дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліккәтәрбиелеу.
	<b>Қазақ тілі</b>	Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, өткенді еске түсіру. Сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрауды дағдыландыру. Педагогтің үлгісі бойынша шағынмәтіндер құрастыруды дағдыландыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.
	<b>Математика негіздері</b>	Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, "Тең бе?", "Қайсысы артық (кем)?" сауалдарына жауап беру. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Уақытты бағдарлау, математикалық ұғымдар туралы білімдерін бекіту.
	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Әр жыл мезгіліне байланысты сюжетті суреттерді пайдалана отырып, баланың қоршаған ортаға көзқарасы дұрыс қалыптастыру. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға баулу.
	<b>Құрастыру</b>	Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше

	таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.
<b>Сурет салу</b>	Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыруды, пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын бекіту. Сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық таныту.
<b>Мүсіндеу</b>	Сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін біле отырып, мүсіндейтін затты зерттеу, мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдалана білу. Мүсіндеуге қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгеруеде бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу. Заттар мен бұйымдарды өз бетінше мүсіндей отырып, жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіруді бекіту. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.
<b>Жапсыру</b>	Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.
<b>Музыка</b>	Музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы

Соркөл орта мектебі

Бекітемін

Мектеп директоры



С.Т.Қойайдаров

Келісемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Г.Дарибаева

Балаларды дамыту шағын орталығының тәрбиешісі

Кайырзаманова Санимгулдің

ересек тобына жасаған перспективалық жоспар

2022-2023 оқу жылы

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** «Соркөл орта мектебі»

**Топ:** «Жұлдыздар» ересек тобы

**Балалардың жасы:** 4 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі :** 2022-2023 оқу жылы қыркүйек айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>ҚЫРКҮЙЕК</b>	<b>Денешынықтыру</b>	балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру; дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру; негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру; дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу; ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау.
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.
	<b>Көркемәдебиет</b>	Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұнын мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.
	<b>Қазақ тілі</b>	балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу; дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту; қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;
	<b>Математика негіздері</b>	Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды

	қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету
<b>Қоршаған орта ментаныстыру</b>	Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, онымен санасу, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгінгі және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру. Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір – қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.
<b>Құрастыру</b>	Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.
<b>Сурет салу</b>	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.
<b>Мүсіндеу</b>	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру
<b>Жапсыру</b>	Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.
<b>Музыка</b>	Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету жоғары дыбыстарды ажырату әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** «Соркөл орта мектебі»

**Топ:** «Жұлдыздар» ересек тобы

**Балалардың жасы:** 4 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі :** 2022-2023 оқу жылы қазан айы

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>ҚАЗАН</b>	<b>Денешынықтыру</b>	Дене белсенділігі (танертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру; Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету
	<b>Көркемәдебиет</b>	Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.
	<b>Қазақ тілі</b>	Ойлау, зейін қойып тыңдау секілді қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Есту және мәтіннен таныс сөздерді табабілу қабілеттерін дамыту.
<p><b>II апта</b> <b>«Ертегілер елінде. Театр әлемі»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b> <b>Мақсаты:</b> Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіруді, допты қос қолдап лақтыруды біледі.</p> <p><b>2.Мақсаты.</b> Жалпақ тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтап жүруді біледі.</p> <p><b>3.Мақсаты.</b> Сапта жәй жүру және жүгіруді, аю мен қоянның қимылын жасап жүруді және секіру дағдыларын түсінеді. Тақтай үстіне шығу және бойымен жүру дағдыларын жетілдіру, қол-аяқ қимыл үйлесімділігін дамыту туралы біледі</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b> Менің сүйікті ертегім: «Түлкі мен ешкі» <b>Мақсаты:</b> Ертегіні өз ойымен әңгімелеуге, байланыстырып сөйлеуді біледі.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:</b> Құмырсқа мен көгершін <b>Мақсаты:</b> Оқылған ертегіні дұрыс түсіну, ойларын тиянақтау арқылы байланыстыра сөйлеуді біледі</p> <p><b>Орыс тілі</b> <b>Тема:</b> «Путешествие в мир сказок » <b>Цель:</b> Расширение и закрепление знаний детей о сказках, героях сказок, об окружающем мире. Образовательные: учить детей отвечать полным предложением; активизировать словарь; называть героев сказок и название сказок</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Таңертең. Біреу – көп <b>Мақсаты:</b> тәулік бөлігімен таныса отырып, заттың санын ажырата алады. (бір – көп)</p> <p><b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> Қазақстанда мекендейтін жабайы жануарлар <b>Мақсаты:</b> Қазақстан жерін мекендейтін жануарлармен танысады. олардың тіршілігі туралы мағлұмат алады.</p> <p><b>Құрастыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Сиқырлы зәулім үй» <b>Мақсаты:</b> Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре білу және онымен ойнай отырып, шығармашылық қиялдау дағдылары қалыптасады.</p>	<p><b>Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Менің сүйікті ертегім» <b>Мақсаты:</b> Ертегі кейіпкерінің бейнесін салуды және жануарлар мен адамның мінез-құлқына тән ерекшеліктерін бейнелей білуді үйренеді.</p> <p><b>Жапсыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Алдаркөсенің ішігі» <b>Мақсаты:</b> Балалар үлгімен жұмыс істеуді, оны айналдыра сызып, кескін бойымен қиып алуды, композицияның бөліктерін дұрыс орналастыруды үйренеді.</p> <p><b>Музыка</b> <b>Тақырыбы: Наурыз жыл басы</b> <b>Мақсаты:</b> Ұлттық рәсім туралы қарапайым түсініктерді, сыйластықты түсінеді.</p>	

<p><b>III апта</b></p> <p><b>«Өнер көзі-халықта»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p><b>1.Мақсаты:</b> Тура жолмен тепе-тендікті сақтап жүру, сапта жәй жүру және жүгіру, сигнал бойынша отырып-тұру дағдыларын меңгереді.</p> <p><b>2.Мақсаты.</b> Үлкен допты алысқа лақтыру, секіру, жүгіру дағдыларын меңгереді.</p> <p><b>3.Мақсаты.</b> Жұптасып сапта жүру және жүгіру дағдыларын , допты бір-біріне домалату, қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру туралы түсінеді.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b>Өнер көзі халықта</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалар қазақтың ұлттық аспаптарымен таныса отырып, ұлттық аспаптарды мақтаныш тұта білуді үйренеді.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Наурыз тойы» өлеңі Т.Молдағалиев</p> <p><b>Мақсаты:</b> Сөздерді анық айтуға, өлеңнің ұйқасын, тақпақтардың ырғағын, қуанышты, сүйсінуді бере білу дағдылары қалыптасады.</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Ұзындық. Шартты өлшемнің көмегімен заттарды ұзындығына қарай салыстыру».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ұзындық туралы түсініктері қалыптасып, заттардың ұзындығын бір- біріне салу арқылы және шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді үйренеді;</p> <p><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Су тіршілік көзі</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалар су туралы түсінікті және судың қажеттілігін, оның адамның, құстың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы туралы түсінеді.</p>	<p><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> « Алтын балық»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Заттардың үлгі бойынша олардың өзіне тән ерекшеліктерін, пішінін, пропорциясын және заттар мен олардың бөліктерінің орналасуын ескере отырып, сурет салуды біледі.</p> <p><b>Мүсіндеу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Әжемнің сандығы»</p> <p><b>Мақсаты:</b> мүсіндеудің тегіс нәрсеге бедерлі сурет түсіре білу әдісімен жұмыс жасауды біледі. Ермексазбен әшекей бұйымдарын жасай алады.</p> <p><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы: Наурыз</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға НАУРЫЗ мерекесі туралы мәлімет терді біледі, салт-дәстүрмен танысады. ,</p> <p><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы: Наурыз</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға НАУРЫЗ мерекесі туралы мәлімет терді біледі, салт-дәстүрмен танысады. ,</p>	<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Ұлттық киім мен әшекейлер»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалар ұлттық киімді, тұрмыс заттары мен әшекейлерді даярлаумен танысады.</p>
<p><b>IVапта</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p><b>1.Мақсаты:</b> Бірнеше доға астынан еңбектеп</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Көктемде»</p> <p><b>Мақсаты:</b>Тілде сөйлемдердің</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> 1, 2, 3, 4, 5 цифрлары мен сандары. Сан мен цифрды</p>	<p><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Ағаштар бүршік жарғанда»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ағаш</p>	

<p><b>«Нұр төккен, гүл көктем»</b></p>	<p>өтуді, сапта тізбектеліп жүру, жыланша ирелендеп жүруді біледі. Жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс орындауды, ойын ережесін ойын барысында сақтау қажеттігін түсінеді.</p> <p><b>2.Мақсаты.</b> Көлбеу қойылған тақтай үстімен жүріп өтуді, жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс орындауды, қол-аяқ қимыл үйлесімділігін түсінеді.</p> <p><b>3. Мақсаты.</b> Сапта жәй жүру және жүгіруді, тақтай үстіне шығу және бойымен жүру дағдыларын жетілдіру, қол-аяқ қимыл үйлесімділігін арттыру. Қозғалыстарын түсінеді.</p>	<p>әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолда алады. Жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастырады.</p> <p><b>Көркем әдебиет Тақырыбы:</b> Көктем өрнегі.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалар көктем мезгілі туралы түсінеді. Көктем мезгілінің ерекшеліктерін өз ойымен айта алады.</p> <p><b>Орыс тілі</b>  <b>Тема:</b> «Весна – красна»  <b>Цель:</b> Формирование грамматически правильной речи у детей, умения составлять описательные рассказы по картине. Обобщить знания детей полученные по развитию речи. Воспитывать любовь и уважение на все живое и неживое.</p>	<p>сәйкестендіру.  <b>Мақсаты:</b> Заттың санын цифрмен сәйкестендіру қабілеттері дамиды; көру арқылы есте сақтау қабілеті, салыстыру арқылы балалар сан ен цифрды сәйкестендіреді..</p> <p><b>Жаратылыстану Тақырыбы:</b> Көктем келді аулама  <b>Мақсаты:</b> Балалард қоршаған ортамен танысады. Көктем мезгілінің ерекшеліктері туралы түсініктерін, табиғат сұлулығын сезіне білуге, табиғатты аялауды біледі.</p> <p><b>Құрастыру Тақырыбы:</b> Гүл (оригами)  <b>Мақсаты:</b> Қағазды бүктеу арқылы гүл жасай біледі. Жұмысты аяғына дейін аяқтауды біледі.</p>	<p>бұтақтарының, жапырақтары немесе гүлдері бар бұталардың (қызыл тал, мимоза, шырша, терек) суретін олардың өсіп тұрған түріне қарап салуды үйрету.</p> <p><b>Жапсыру Тақырыбы:</b> «Гүл салынған құмыра»  <b>Мақсаты:</b> Екі бүктелген қағаздан әртүрлі бейнелерді- жапырақтарды , гүл жапырақшаларын қиып алу тәсілдерін үйренеді. Әр түрлі тәсілдерді қолданып, бірнеше бөлікте тұратын зат құрастыру дағдыларын меңгереді.</p> <p><b>Музыка Қайталау.</b></p>	
--	--	---	--	---	--

**2022 жыл, Сәуір айы**  
**Өтпелі тақырып «Біз еңбекқор баламыз»**

**Мақсаты:** Балалардың белсенді қимыл әрекеттерін ұйымдастыру, ересектермен еркін қарым –қатынас жасау дағдыларын дамыту. Еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарына деген құрмет сезімдерін білдіруге тәрбиелеу. Мектепке дейінгі жастағы балалардың денсаулық, тілдік, танымдық және шығармашылық деңгейлері бойынша білім, білік, дағдыларын арттыру.

**Міндеттері:**

1. Шынықтырудың түрлі тәсілдерін қолдану арқылы салауатты өмір салтын, жеке бас гигиенасын сақтауға қалыптастыру;
2. Үлкендердің еңбегімен таныстыра отырып еңбекті құрметтеуге үйрету. Еңбек әрекеттерін орындауға ынталандыру;
3. Түрлі техникаларды қолдану арқылы пәндік шығармашылық ортаны қалыптастыру, өнерге баулу;
4. Еңбек ету барысында қоршаған ортаны күтіп-баптауға қалыптастыру, бақылағыштық сезімдерін дамыту.

<p align="center"><b>I апта</b></p> <p align="center"><b>«Аялайық гүлдерді»</b></p>	<p align="center"><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p><b>1.Мақсаты.</b> Шектелген кеңістікте жүріп өтуге. (10-12 см ендіктегі сызылған ленте) қатарда жәй жүру, тізені жоғары көтеріп жүру, аяқ ұшымен және өкшемен жүру дағдыларын меңгереді.</p> <p><b>2. Мақсаты:</b> Жіңішке лента бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру дағдылары жетіледі. Допты кеуде тұсынан лақтыру қатарда жәй жүру, тізені жоғары көтеріп жүру, аяқ ұшымен және өкшемен жүру дағдылары дамиды.</p>	<p align="center"><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Бақшадағы гүлдер»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Өңгімелерді тыңдай білуді үйренеді. Өлеңдерді жатқа айту қабілеттері дамиды.</p> <p align="center"><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Ақұштап Бақтыгерееваның «Гүл ектік» өлеңін жаттау</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ақұштап Бақтыгерееваның «Гүл ектік» өлеңін жаттай отырып, табиғатты қорғауды, аялауды түсінеді.</p>	<p align="center"><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Заттарды қалыңдығы бойынша салыстыру</p> <p><b>Мақсаты:</b> заттарды қалыңдығы бойынша салыстыруды үйренеді. Көру арқылы алынған ақпаратты пайдаланып, жұмбақ шешуге, логикалық тапсырмаларды ынтамен орындай алады.</p> <p align="center"><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Гүлдер әлемі .Дала гүлдері.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Дала гүлдерінің түрлерімен танысады. Гүлдердің атауларын, сырт келбетін, жеке бөлшек атауларын айтуын, оларды баптап, күту ережелерін біледі.</p>	<p align="center"><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Алғашқы бәйшешектер»</p> <p><b>Мақсаты:</b>Гүлдер туралы олардың түрлері туралы түсінеді. Заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып салуы үйренеді.</p> <p align="center"><b>Мүсіндеу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Түймедақ гүлі»</p> <p><b>Мақсаты:</b>Қоршаған әлемнің әсемдігін эмоционалды қабылдайды.</p> <p align="center"><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Біздің ауыл тойы</p> <p><b>Мақсаты:</b> Дыбыс биіктігі мен тембрін ажыратуға үйренеді,</p>	<p align="center"><b>Қоршаған ортамен таныстыру.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Аялайық гүлдерді.</p> <p><b>Мақсаты:</b>Табиғатпен адамгершілік тұрғыда қарым-қатынас жасау тәжірибесі туған өлкесін мақтан ету сезімдері дамиды.</p>
---	--	--	--	--	--

	<p><b>3. Мақсаты:</b>          Доғаның астынан еңбектеп өту, қатарда жәй жүру, тізені жоғары көтеріп жүру, аяқ ұшымен және өкшемен жүруді біледі.</p>			<p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы:</b> Біздің ауыл тойы  <b>Мақсаты:</b> Дыбыс биіктігі мен тембрін ажыратуға үйренеді,</p>	
<p><b>II апта</b>  <b>«Ас атасы-нан»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b>  <b>Мақсаты.</b> Доғаның астынан еңбектеп өтуді қайталау          Қатарда жәй жүру, тізені жоғары көтеріп жүру, аяқ ұшымен және өкшемен үйлесімділігі дамиды.  <b>Мақсаты.</b> Қос аяқтап алға жылжып секіруді, қатарда жәй жүру, тізені жоғары көтеріп жүру, аяқ ұшымен және өкшемен жүру. Дағдылары дамиды.  <b>Мақсаты.</b> Допты қақпаға домалату          Шеңбер бойымен жәй жүру, бағытты өзгертіп жүру, жүгіруу, допты қақпаға домалатуды үйренеді.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>          «Наубайхана»  <b>Мақсаты:</b> Сурет бойынша әңгіме құрай отырып, балалардың сөздік қорлары молайады.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Алтын астық» өлеңін жаттау  <b>Мақсаты:</b> «Алтын астық» өлеңінің мазмұнын ашу, өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып, әр шумағын қайталау арқылы жаттайды. Астықты орып, жинау науқаны туралы балалардың түсініктерін кеңейеді.</p> <p><b>Орыс тілі</b>  <b>Тема:</b> «Хлеб - всему голова»  <b>Цель :</b> Формирование бережного отношения детей к хлебу и углубление знаний о нём. -создать условия для расширения представления</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> Реттік санау қабілетін нығайту  <b>Мақсаты:</b> Сандық және реттік санауды ажырата біледі. «қанша?», «нешінші?» сұрақтарына дұрыс жауап бере алады. Геометриялық пішіндерді атай алады.</p> <p><b>Құрастыру</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Наубайхана» (табиғи және қалдық материалдармен жұмыс)  <b>Мақсаты:</b> Табиғи материалдардан, жапырақтармен қорапшалардан наубайхананың макетін құрастыруды үйренеді.</p> <p><b>Жаратылыстану</b>  <b>Тақырыбы:</b> Көктемгі еңбек құралдары  <b>Мақсаты:</b> Адамдардың көктемгі еңбегімен танысып, көктемгі еңбекке арналған құрал-</p>	<p><b>Сурет салу</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Мерекелік дастархан»  <b>Мақсаты:</b> сәндік өнерінің сарыны бойынша өрнектермен дастарханның суретін салуды біледі.</p> <p><b>Жапсыру</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Дәмді бауырсақтар»  <b>Мақсаты:</b> Түстерді пайдаланып, геометриялық пішіндерден сәндік композициялар жасау, бейнелерді қиып ала отырып, жапсыру икемділіктері дамиды.</p> <p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы:</b> Көктем әндері  <b>Мақсаты:</b> Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын білу. Көктемгі құстардың</p>	

		детей о профессиях людей. занятых в производстве хлеба(тракторист, комбайнер, мельник, пекарь);	жабдықтарды ажыратып атай алады, олардың қажеттілігі мен қолданылуын түсініп еңбек әрекетінде қолдана білуге үйренеді.	сайрағаның музыкада ажырата біледі.	
<p align="center"><b>III апта</b></p> <p align="center"><b>«Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p><b>1.Мақсаты.</b> Шеңбер бойымен жәй жүру, бағытты өзгертіп жүру, жүгіруді біледі. Допты қақпаға домалатуды біледі.</p> <p><b>2.Мақсаты.</b> Шеңбер бойымен жәй жүру, бағытты өзгертіп жүру, жүгіру, ұзындыққа секіру дағдылары дамиды.</p> <p><b>3.Мақсаты.</b> Қатар жатқан қос лентадан секіріп өту. (ара қашықтығ: 10-15см) Өртүрлі қарқында жәй және жылдам жүру, жүгіруді біледі.</p>	<p align="center"><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Жәндіктер.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Жәндіктердің тіршілігі, олардың атауы, пайдасы мен зияны туралы түсініктерді біледі. Балалардың сөздік қоры, есте сақтау қабілетін дамиды.</p> <p align="center"><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Ыбырай Алтынсариннің «Өрмекші, құмырысқа, қарлығаш» ертегісі.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ертегіні оқып, мазмұнын түсіндіре отырып, сурет бойынша әңгімелеуге, байланыстырып сөйлеуге үйренеді.</p>	<p align="center"><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. Алыс – жақын.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Заттар санын цифрмен сәйкестендіру; кеңістікте бағдарлауды біледі. Логикалық есепті берілген мәліметтерге сүйене отырып шеше алады.</p> <p align="center"><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Жәндіктер</p> <p><b>Мақсаты:</b> Жәндіктердің кейбір түрлері (көбелек, шыбын, қоңыз, қанқыз, құмырсқа, инелік) туралы түсінеді.</p>	<p align="center"><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Қанқызы»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын меңгереді. Өзінің жұмыстарын және басқа балалардың жұмыстарын бағалай алады.</p> <p align="center"><b>Мүсіндеу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Қоңыз»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қанқыз және оның өзіне тән белгілерімен таныса отырып, әдемі мүсіндей алады.</p> <p align="center"><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы: Бесік жыры</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінмен, күш түсірмей әндете айтуды біледі.</p> <p align="center"><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы: Бесік жыры</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінмен, күш түсірмей әндете айтуды біледі.</p>	<p align="center"><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Табиғаттағы қауіпсіздік»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қауіпсіздік ережесін сақтауды үйренеді. Табиғат аясында өзін-өзі ұстау мәдениет дағдылары дамиды.</p>



<p style="text-align: center;"><b>IVапта</b></p> <p style="text-align: center;"><b>«Еңбек бәрін жеңбек»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p><b>1.Мақсаты.</b> Әртүрлі қарқында жәй және жылдам жүру, жүгіру, ұзындықтан секіріп өтуді түсінеді</p> <p><b>2.Мақсаты:</b> Залдың бір шетінен екінші шетіне жүгіру, қол-аяқ қимыл үйлесімділігін дамыту жаттығуларын жасай алады.</p> <p><b>3.Мақсаты.</b> Бірқалыпты жеңіл секіруді үйрету. Белгіге жауап беру білігін дамыту. Гимнастикалық скамейка үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруді, белгілі бағыт бойынша жүгіру дағдысын жетілдіру.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Қол не үшін керек?»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Әңгімені түсіне отырып, әлемдегі жақсы істердің бәрі адамдар қолымен жасалатынын түсінеді. Сұрақ-жауап арқылы балалар өз ойын толық айта біледі.</p> <p style="text-align: center;"><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Құмырсқа туралы ертегі»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ертегі мазмұнын түсіне отырып балалармен бірге жұмыс жасай білуді үйренеді. Ертегі кейіпкерлеріне талдау жасай отырып. құмырсқаның еңбекқорлығын атап айта алады.</p> <p style="text-align: center;"><b>Орыс тілі</b></p> <p><b>Тема:</b> «Уборка групповой комнаты»</p> <p><b>Цель:</b> Формировать у детей умение работать в коллективе. Вызвать у детей активный интерес к совместному труду, желание помочь взрослому. Учить детей распределять работу между собой в команде.</p>	<p style="text-align: center;"><b>Математика</b></p> <p style="text-align: center;"><b>негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Бір және көп ,көп заттарды салыстыру</p> <p><b>Мақсаты:</b> Заттарды санына қарай салыстыру алу қабілетін арттыру ,бір зат пен көп затты бір-бірінен айыра білуге үйрету. Екі топтағы заттарды салыстырып, оларды теңестіру.</p> <p style="text-align: center;"><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Өсімдіктер</p> <p><b>Мақсаты:</b> Өсімдіктердің өсіп, дамуы және өнуіне судың маңызы туралы түсінік беру. Табиғатта өзін ұстаудың қарапайым ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p><b>Құрастыру.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b>Бақа.</p> <p><b>Мақсаты:</b>Берілген тақырып бойынша қағаздан (бақаны) құрастыруды үйренеді.</p>	<p style="text-align: center;"><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Құстың ұясы»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып салу</p> <p style="text-align: center;"><b>Жапсыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Жемсауыт пен ұя»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Жапсыру мазмұнын күрделі ете және әртүрлі бейнелерді жасау үшін мүмкіндіктерді кеңейте отырып, оған қызығушылықты тәрбиелеу.</p> <p style="text-align: center;"><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Поезд</p> <p><b>Мақсаты:</b> Әннің не туралы айтылатына түсіне біледі. Музыканың шығармашылық іс-әрекетін қарапайым, дағдыларын меңгереді.</p>	
---	---	---	--	--	--

**2022 жыл, Мамыр айы**

**Өтпелі тақырып «Әрқашан күн сөнбесін!»**

**Мақсаты:** «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» білім беру салаларының мазмұндары бойынша меңгерген білім, білік, дағдыларын анықтау, бекіту

**Міндеттері:**

1. Дене жаттығуларын орындау, қимылды ойындар Ережелерін, спорттық ойындардың техникаларын меңгеру және жеке бас гигиеналарын сақтау дағдыларын беу;
2. Ана тілі және басқа да тілдерде барлық дыбыстарды дұрыс айту, қарым-қатынасқа түсу, сөйлемдердің әртүрлі түрлерін қолдану және сөйлеу дағдыларын бекіту;
3. Тәулік бөліктерін, кеңістіктегі заттардың орналасуын, түрлі мәселелерді шешудің әдістерін және құрылыс бөлшектерін анықтау дағдыларын бекіту. Қоршаған орта туралы қарапайым түсініктерін анықтау;
4. Шығармашылық дағдыларын, отбасылық құндылықтарын және отансүйгіштік сезімдерін бекіту

<p align="center"><b>I апта</b></p> <p align="center"><b>«Достық-біздің тірегіміз» (Халықтар достығы)</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p><b>1.Мақсаты.</b> Бірқалыпты жеңіл секіруді үйренеді. Гимнастикалық скамейка үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруді, белгілі бағыт бойынша жүгіру дағдысын меңгереді.</p> <p><b>2.Мақсаты.</b> Балалардың жүру, жүгіру дағдылары дамиды. -Құрсаудан еңбектеп өтеді. -Бір және екі қолмен допты еденге ұра алады</p>	<p align="center"><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Екі дос» (әңгімелеп үйренеміз) <b>Мақсаты:</b> Әңгіменің мазмұнын сызба белгілер бойынша әңгімелеп, айта алады. Оқу барысында оқиға желісімен әңгіме кейіпкерлерін белгілер арқылы сызып көрсетіп, әр белгінің нені бейнелейтінін біледі.</p> <p align="center"><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Тілеріміз бейбіт күн» <b>Мақсаты:</b> Серікбай Оспановтың «Тілеріміз бейбіт күн» өлеңін дегі сөздердің мағыналарын түсініп, қайталай</p>	<p align="center"><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Уақытты бағдарлау жөніндегі білімдерін (танертең, күндіз, кеш, түн)</p> <p><b>Мақсаты:</b> Уақытты бағдарлау жөніндегі білімдері (танертең, күндіз, кеш, түн) тереңдеп, логикалық ойлау қабілеттері дамиды.</p> <p align="center"><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Балабақша ауласындағы</p>	<p align="center"><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Тақырыбы: «Достық жалаулары» (ұжымдық жұмыс) <b>Мақсаты:</b> Бір мазмұнға біріктіре отырып, бірнеше ұлттардың жалауларын бейнелей білуді үйренеді.</p> <p align="center"><b>Мүсіндеу.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Досыма сыйлық» <b>Мақсаты:</b> Сыйлық бейнесін мүсіндей білуге үйрете отырып, шығармашылық, белсенділік дағдылары дамиды.</p>	<p align="center"><b>Қоршаған ортамен таныстыру.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b>Сутіршілік нәрі. <b>Мақсаты:</b>Жер бетіндегі барлық тірі ағзалардың өсіп, өнуі үшін бұлақтардың және таза судың маңызы туралы түсініктері дамиды. Табиғи нысандар мен құбылыстарды бақылауды түсінеді.</p>
---	--	---	--	---	---

	<p><b>3. Мақсаты:</b> Допты екі қолмен алға қарай лақтыру және жерде жатқан жіптен секіріп өтуді і үйренеді. Жалпы дамыту жаттығуларын орындауды біледі.</p>	отырып жаттайды.	<p>ағаштар(табиғаттағы бақылау) <b>Мақсаты:</b> Ағаштарды тануға және атауға үйренеді: қайың, терек, ағаштың діңін, бұтақтарын және жапырақтарын тауып, атап бере алады..</p>	<p><b>Музыка</b> <b>Тақырыбы: Құстар дауысы</b> <b>Мақсаты.</b> Музыканы тыңдап, жуан-жіңшке дыбыстарды ажырата алады.</p> <p><b>Музыка</b> <b>Тақырыбы: Ел қорғауға әзірміз.</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың патриоттық сезімін ояту, музыканың түрлі сипаттарын ажырата біледі.</p>	
<p><b>II апта</b>  <b>«Отан қорғаушылар» (ҚР әскері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері)</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b> <b>1.Мақсаты.</b> Шектелген жазықтық бойымен жүруге, тепе-теңдік қалпын сақтай отырып шектелген жазықтық бойымен жүруді үйренеді. <b>2. Мақсаты.</b> Тепе-теңдік қалпын сақтай отырып шектелген жазықтық бойымен жүруге үйренеді. <b>3.Мақсаты.</b> Алға жылжи отырып секіруді біледі. Әртүрлі қалыпта допты қос қолмен лақыра алады.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b> <b>Тақырыбы:</b> «Біз Отанның сарбазы» <b>Мақсаты:</b> Балалар 7-ші мамыр Отан қорғаушылар күні мерекесінің мәнін түсінеді. Ұлы Отан соғысының зардаптары мен осы соғыста ерлік көрсеткен батырлардың ерліктері туралы әңгімелей алады.</p> <p><b>Көркем әдебиет.</b> <b>Тақырыбы:</b> «Жеңіс күні» <b>Мақсаты:</b> Өлең шумақтарының , мазмұнын түсінеді. 9 мамыр - Жеңіс күні туралы өз ойын айта алады.</p> <p><b>Орыс тілі</b></p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> Кеңістікті бағдарлау <b>Мақсаты:</b> Өзінің айналасындағы заттардың орналасуын (оң, сол, алда, артта, жоғарыда, төменде, алыс, жақын) анықтай алады.</p> <p><b>Құрастыру</b> <b>Тақырыбы:</b> Жүк машинасы <b>Мақсаты:</b> Балалар қалдық материалдардан бұйым жасауды біледі.</p> <p><b>Жаратылыстану.</b> <b>Тақырыбы:</b> Орман жидектері мен</p>	<p><b>Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Мерекелік от шашу» <b>Мақсаты:</b> Өз ойлары бойынша сурет салу, композиция құрастыру. көлемді пішіндерді безендіруді біледі.</p> <p><b>Жапсыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Ұшақтар шеруі» <b>Мақсаты:</b> Балалар ұшақтар шеруі туралы түсінеді. Жіңшке қиықтарды қиюға үйренеді, қуанышты көңіл-күй қалыптастыра біледі.</p>	

		<p><b>Тема: «День Защитника Отечества»</b>  <b>Цели:</b> Продолжать формировать представления детей об армии, о родах войск, об особенностях военной службы (солдаты тренируются, чтобы быть сильными, умелыми, учатся метко стрелять, преодолевать препятствия и т.д.). Обогащать словарь детей военной лексикой.</p>	<p>саңырауқұлақтар.  <b>Мақсаты:</b> Балалар орман жидектері мен саңырауқұлақтары жөнінде түсінеді. Оларды суреттерден танып атай алады.</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы: біз өмірдің гүліміз</b>  <b>Мақсаты:</b>  Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттері дамиды.</p>	
<p><b>III апта</b>  <b>«Көңілді жаз»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b>  <b>1.Мақсаты.</b>  Жазықтық бойымен жүру, алға жылжи отырып секіру, әртүрлі қалыпта допты қос қолмен лақыруды біледі.</p> <p><b>2.Мақсаты.</b>  Сапта жәй жүру және жүгіру. тақтай үстіне шығу және бойымен жүру дағдыларын түсінеді.</p> <p><b>3.Мақсаты.</b> Сапта жәй жүру және жүгіру, сигнал бойынша отырып-тұру дағдыларын, алға жылжып допқа дейін секіруді түсінеді.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Тақырыбы:</b>  «Жайдарлы жаз»  <b>Мақсаты:</b> Жаз мезгілінің табиғи ерекшеліктерін біледі. Схема бойынша суреттің мазмұнын құруға және сөздерді байланыстырып айта алады.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Жаз келіпті» (Кел жаттайық)  <b>Мақсаты:</b> Т.Молдағалиевтің «Жаз келіпті» өлеңін жаттай отырып, байланыстырып сөйлеу, сурет бойынша әңгіме құрастыра біледі.</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b>  Шеңбер, шаршы, үшбұрыш, сопақша, тіктөртбұрыш туралы өткенді пысықтау.  <b>Мақсаты:</b> Заттар тобының теңдігін кеңістікте орналасуына қатыссыз қоюды үйренеді. Дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, сопақша, тіктөртбұрыш сияқты геометриялы фигуралар туралы өткенді айта алады.</p> <p><b>Жаратылыстану</b>  <b>Тақырыбы:</b> Қош келдің, жаз!  <b>Мақсаты:</b> Жаз мезгілін дегі маусымдық өзгерістерін, айырмашылықтарын ажырата біледі. Табиғатты бақылау күнтізбесін жүргізуді үйренеді.</p>	<p><b>Сурет салу</b>  <b>Тақырыбы:</b> Гүл. Өсімдік кейіпті сарындар» (Сәндік сурет)  <b>Мақсаты:</b> Доға тәрізді сопақша пішіндерден «жауқазын, қызғалдақ гүлдерінің суретін сала алады.  <b>Мүсіндеу</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Гүлзардағы гүлдер»  <b>(ұжымдық жұмыс)</b>  <b>Мақсаты:</b> Қоршаған әлемнің әсемдігін эмоционалды қабылдай біледі.</p> <p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы: Көктем келді, құс келді.</b>  <b>Мақсаты:</b>  Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, әсерлі реңктерін ажырата алады. Құстарды қорғап, қамқор болуды түсінеді.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Тақырыбы:</b>  «Ауылдағы тіршілік»  <b>Мақсаты:</b> Ауыл шаруашылығын дағы ересектер еңбегі туралы түсініп, айта алады.</p>

				<p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы: Көктем келді, құс келді.</b>  <b>Мақсаты:</b>  Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, әсерлі реңктерін ажырата алады.  Құстарды қорғап, қамқор болуды түсінеді.</p>	
<p><b>IVапта</b>  <b>«Мен жасай аламын»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b>  <b>1.Мақсаты.</b>  Бірқалыпты жеңіл секіруді үйренеді. Гимнастикалық скамейка үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруді, белгілі бағыт бойынша жүгіруді біледі.</p> <p><b>2.Мақсаты.</b>  Бірқалыпты жеңіл секіруді үйренеді. Гимнастикалық скамейка үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруді, белгілі бағыт бойынша жүгіруді біледі.</p> <p><b>3.Мақсаты.</b> Тепе-теңдік қалпын сақтай отырып шектелген жазықтық бойымен жүре алады. Алға жылжи отырып секіру,</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Үйшік» орыс халық ертегісі» (менің сүйікті ертегім)  <b>Мақсаты:</b> Ертегі мазмұнын баяндау арқылы балалардың байланыстыра сөйлеу дағдылары дамиды.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Тақырыбы:</b>  «Жайлауда» өлеңі Н.Жанаев  <b>Мақсаты:</b> Өлең желісі бойынша сұрақтарға жауап беру, өлеңді жатқа айта алады. Өлеңнің ұйқасын, ырғағын, қуанышты сүйсінуді біледі.</p> <p><b>Орыс тілі</b>  <b>Тема: «Что я умею делать»</b>  <b>Цель:</b> продолжать учить составлять рассказ из личного опыта, развитие монологической речи.  Продолжать учить составлять</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> Бекіту. Сан мен цифрды сәйкестендіру.</p> <p><b>Мақсаты:</b> 1-ден 5-ке дейінгі сан және цифрлар туралы біледі. Балалар 5 заттың сәйкестігін анықтауды және заттарды бесбестен бір топқа біріктіруді үйренеді.</p> <p><b>Жаратылыстану</b>  <b>Тақырыбы</b> Табиғатты аялайық!  <b>(білім сайысын өткізу)</b>  <b>Мақсаты:</b> Балалар қоршаған орта туралы жалпы түсініктерді біледі. Адам мен табиғаттың тығыз байланысты екенін түсінеді, тірі және өлі табиғат туралы айта алады.</p> <p><b>Құрастыру.</b>  <b>Тақырыбы:</b>Киіз үй.  <b>Мақсаты:</b>Киіз үйдің құрылысын, жабдықтарын</p>	<p><b>Сурет салу</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Ғажайып сурет әлемінде»  <b>Мақсаты:</b>Балалар бейнелеу өнерінің қыр-сырын жан-жақты түсінеді.</p> <p><b>Жапсыру</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Гүлденген дала»  <b>Мақсаты:</b> Сәндік композицияларды өз ойынша орындайды. Дала бейнесін қиып жапсырады.</p> <p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы:</b>  <b>Қошақаным</b>  <b>Мақсаты:</b> Балалалар төрт түлік туралы біледі.. Үй жануарлары мен төлдерін ажырата алады..</p>	

	<p>эртүрлі қалыпта допты қос қолмен лақыруды біледі.</p>	<p>рассказ из личного опыта, развивать умение связно, последовательно составлять рассказ. Обогащать речь детей наречиями, обозначающими отношение к труду. Продолжать учить работать с мнемодиаграммами..</p>	<p>атай алады. Құрылыс материалдарынан киіз үйді құрастыруды біледі.</p>		
--	--	---	--	--	--

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы

Соркөл орта мектебі

Бекітемін

Мектеп директоры:  С.Т.Қойайдаров

Келісемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:



Г.Дарибаева

Балаларды дамыту шағын орталығының тәрбиешісі

Кайырзаманова Санимгулдің

ортаңғы тобына жасаған перспективалық жоспар

2021-2022 оқу жылы

**«Жұлдыздар» ортаңғы топ  
Қыркүйек айы. 2021ж  
Өтпелі тақырып « Балабақша»**

**Мақсаты:** Өзара жағымды қарым-қатынасты қалыптастыруға үйрету және балабақшамен таныстыру.

**Міндеті:** Балабақша қызметкерлерімен, бөлмелерімен, жиһаздарымен және ондағы заттармен таныстыру.

Өз ойларынша әңгіме құрап айтуға үйрету.

Достыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Тақырыпша	Денсаулық-3 Дене шынықтыру-3	Қатынас -2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	Таным-2,5 Математика негіздері- 1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық-3 Музыка-1,5 Сурет салу -1 Жапсыру -0,25 Мүсіндеу – 0,25	Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен танысу -0,5
<p align="center"><b>I апта «Менің балабақшам»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-2</b> <b>1.Мақсаты:</b> Қолға сылдырмақ ұстап гимнастикалық орындық үстімен жүруді біледі</p> <p><b>2.Мақсаты:</b> Қолға сылдырмақ ұстап гимнастикалық орындық үстімен жүруді біледі</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:</b> «Балабақша» (әңгіме құрастыру) <b>Мақсаты:</b> Мнемотехника әдісі арқылы әңгіме құрайды. Өз ойын тиянақты жеткізеді.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Біреу, көп, бір -бірден <b>Мақсаты:</b> заттарды «біреу», «көп», «бір - бірден» түсінігі туралы ұғымдары қалыптасады. Бірде-бір және көп затты таба білу дағдысы дамиды.</p> <p><b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> «Балабақша ауласына саяхат» <b>Мақсаты:</b> Балабақша ауласындағы және маңайындағы өсімдіктерді, ағаштар мен бұталарды атауға үйренеді.</p>	<p align="center"><b>Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b> Менің тобымдағы заттар. <b>Мақсаты:</b> Қарындаштармен дәстүрлі тәсілдермен сурет салады. Сурет салу барысында дөңгелек және сопақша пішіндерді ажырата біледі.</p> <p><b>Жапсыру.</b> <b>Тақырыбы:</b> Балабақша ауласындағы көбелектер <b>Мақсаты :</b> Үлгіге қарап, қағаз бетіне көбелектерді жапсырады. Жапсыру дағдыларын қалыптасады.</p>	
<p align="center"><b>II апта «Менің достарым»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b> <b>1. Мақсаты:</b> -Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектей</p>	<p align="center"><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b> Менің достарым <b>Мақсаты</b> Достық туралы түсіне отырып, зат есімдердің жекеше</p>	<p align="center"><b>Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Таңертең. Біреу- көп <b>Мақсаты:</b> Заттарды айналасындағы бірдей бір</p>	<p align="center"><b>Музыка</b> <b>Тақырыбы:</b> «Менің музыкалық әлемім <b>Мақсаты:</b> Музыкалық шығарманың сипатын</p>	



	<p>алады. -Еңіс тақтай үстімен жүре біледі</p> <p><b>2. Мақсаты:</b> -Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектей алады. -Еңіс тақтай үстімен жүре біледі</p> <p><b>3. Мақсаты:</b> Түрлі тапсырмалармен: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшімен ауыса отырып жүгіреді. 8 м дейінгі қашықтықта заттар арасымен тура жүгіруді біледі.</p>	<p>түрін қолдануға, ересектердің сөзін зейін қойып тыңдауға және түсінуге үйренеді</p> <p><b>Орыс тілі</b> <b>Тема:</b> Наш любимый сад <b>Цель:</b> Расширить представление детей о детском саде. Воспитывать детей дружно играть и беречь игрушки.</p>	<p>және көп затты таба алады.</p> <p><b>Құрастыру</b> <b>Тақырыбы:</b> Достарыма арналған үй <b>Мақсаты:</b> Құрастыру бөлшектерінің негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай біледі.</p> <p><b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> Менің жасыл достарым <b>Мақсаты:</b> Бөлме өсімдіктері туралы білімдерін байытып, аттарын атауға үйренеді.</p>	<p>ажырата алады.</p> <p><b>Музыка</b> <b>Тақырыбы:</b> «Біздің балабақшада» <b>Мақсаты:</b> Музыкалық мамандықтарды (орындаушы, әнші, солист, оркестр, дирижер) ажыратуды біледі.</p> <p><b>Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b> Досымның үйі <b>Мақсаты:</b> Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе алады. Бояу түсін таңдай білу, сурет салуға қызығушылығы артады.</p>	
<p><b>III апта</b> <b>«Менің сүйікті ойыншық тарым»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b> <b>1. Мақсаты:</b> Түрлі тапсырмалармен: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшімен ауыса отырып жүгіреді. 8 м дейінгі қашықтықта заттар арасымен тура жүгіруді біледі. <b>2. Мақсаты:</b> Табан мен алақанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеуді,</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b> Ойыншықтар дүкені <b>Мақсаты:</b> Мнемотехника әдісі арқылы ойыншықтар туралы әңгіме құрай алады.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:</b> Ойыншықтар өлеңі. Н. Әлімқұлов. <b>Мақсаты:</b> Ойыншық туралы тақпақтарды түсініп, есте</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Сөредегі ойыншықтар <b>Мақсаты:</b> Бірінің астына бірі екі қатарда орналасқан заттардың екі тобын салыстыруға үйренеді.</p> <p><b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> Ойыншықтар</p>	<p><b>Музыка-1</b> <b>Тақырыбы:</b> «Менің сүйікті достарым» <b>Мақсаты:</b> Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады.</p> <p><b>Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b> Менің сүйікті ойыншығым <b>Мақсаты:</b> Домалақ</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысу.</b> <b>Тақырыбы:</b> Заттар әлемі (ойыншықтар, ыдыстар) <b>Мақсаты:</b> Қоршаған заттар, олардың қасиеттері және міндеттері туралы білімдері кеңейеді.</p>

	<p>гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен кезектескен қадаммен жүруді біледі.</p> <p><b>3. Мақсаты</b> Табан мен алақанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеуді, гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен кезектескен қадаммен жүруді біледі.</p>	<p>сақтай біледі.</p>	<p>еліне саяхат</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалар ойыншықтардың қандай материалдан жасалғаны туралы түсінеді.</p>	<p>пішіннен доптың суретін салып, ирек сызықпен әшекейлеуге үйренеді.</p> <p><b>Мүсіндеу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Қоян-менің сүйікті ойыншығым</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ермексазды домалату, шымшу, жалпа йту тәсілдерін қолдана отырып, қоянды мүсіндеуге үйренеді,</p>	
<p><b>IV</b>апта <b>«Жиһаздар»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p><b>1. Мақсаты:</b> Сапта бір-бірлеп жүреді, жүруді басқа қимылдармен кезектестіреді. Бір орында тұрып, секіру дағдыларын біледі.</p> <p><b>2. Мақсаты:</b> Сапта бір-бірлеп жүреді, жүруді басқа қимылдармен кезектестіреді. Бір орында тұрып, секіру дағдыларын біледі.</p> <p><b>3. Мақсаты:</b> Тізені</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Үй жиһаздары.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Жиһаздар, тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсінеді.</p> <p><b>Орыс тілі</b></p> <p><b>Тема:</b> Игрушки</p> <p><b>Цель:</b> Расширить представление детей об игрушках. Воспитывать в детях аккуратность в обращении с игрушками.</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Заттар тобын салыстыру.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Тең және тең емес заттар тобын салыстыруды, теңдікті орнатуды, салыстыру нәтижелерін «көп», «аз», «тең» сөздерімен белгілеуге үйренеді.</p> <p><b>Құрастыру.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Орындық және диван.</p>	<p><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Менің сүйікті достарым»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ән арқылы достық қарым-қатынасты түсінеді.</p> <p><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Мен өнерлі баламын»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салуды біледі.</p>	

	<p>жоғары көтеріп жүру мен жүгіруді біледі. 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеп өте алады.</p>		<p><b>Мақсаты:</b> Пластиналарды тік және көлденең орналастыру тәсілімен құрастырады.</p> <p><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Жиһаздар <b>Мақсаты:</b> Балалар жиһаздар қалай, қандай материалдан жасалатынын және олардың қажеттілігі туралы түсінеді.</p>	<p><b>Сурет салу</b> <b>Тақырыбы :</b>Топтағы шкафтар <b>Мақсаты.</b> Түзу сызықтарды қиылыстыру арқылы шкафтың суретін салуға үйренеді.</p>	
--	--	--	---	--	--

Қазан айы, 2021 жыл

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

**Мақсаты:** Отбасы және оның мүшелері туралы әңгімелеу.

**Міндеттері:** Отбасы мүшелерін атай білуге және олармен қарым қатынас жасауға йрету. Отбасы мүшелері туралы жаңа сөздерді енгізіп,

отбасы мүшелерін атау,сұрақ жауап арқылы сұхбатқа бейімдеу.Ұйымшылдыққа және үлкенді сыйлауға,кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.

Тақырыпша	Денсаулық-3 Дене шынықтыру-3	Қатынас -2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	Таным-2,5 Математика негіздері- 1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық-3 Музыка-1,5 Сурет салу -1 Жапсыру -0,25 Мүсіндеу – 0,25	Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен танысу -0,5
<p align="center"><b>I апта</b></p> <p align="center"><b>«Менің отбасым, ата-аналар еңбегі»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p><b>1. Мақсаты:</b> Тізені жоғары көтеріп жүру мен жүгіруді біледі. 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеп өте алады</p> <p><b>2.Мақсаты:</b> Шапшаң және баяу қарқынмен жүру және жүгіруді біледі. Тепе-теңдікті сақтап бөренемен жүре алады.</p> <p><b>3.Мақсаты:</b> Шапшаң және баяу қарқынмен жүру және жүгіруді біледі. Тепе-теңдікті сақтап бөренемен жүре алады.</p>	<p align="center"><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Менің отбасым (сурет бойынша әңгіме)</p> <p><b>Мақсаты:</b> Сурет бойынша әңгіме құрастыра алады. Өзінің отбасы мүшелерінің бір-біріне қалай көмектесетіндіктері жайлы сұрақтарға жауап беруді түсінеді.</p> <p align="center"><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Бір үйде біз нешеуіміз?</p> <p><b>Мақсаты:</b>Отбасы мүшелері туралы әңгімелесу, дауысты дыбыстарды анық айтуға, сөздерді септелуіне қарай байланыстырып айтуды біледі. Тақырыпқа сәйкес шағын тақпақты жаттай алады.</p>	<p align="center"><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Әртүрлі заттардың топтарын салыстыру және теңеу.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Бір затты екіншісіне беттестіру, жанына қойып тұстастыру арқылы салыстыруды біледі.</p> <p align="center"><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Мол өнім</p> <p><b>Мақсаты:</b> Көкөністер мен жемістер туралы түсінеді. көкөністер мен жемістерді топтастыра алады.</p>	<p align="center"><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Отбасым –бақытым»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ән мәтінін түсіне отырып, отбасы туралы әнді айта алады</p> <p align="center"><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Отбасым</p> <p><b>Мақсаты:</b> Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе біледі. Ұсақ қол қимылдарын дамиды.</p> <p align="center"><b>Жапсыру.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Менің үйім</p> <p><b>Мақсаты:</b> Пішіндерді қағаз бетінде орналастыра біледі. Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді түсінеді.</p>	<p align="center"><b>Қоршаған ортамен танысу.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Жанұя мүшелері.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Отбасылық суреттерді қарастырып, өз ойын айта алады. Отбасы мүшелеріне сыйластықпен қарауды үйренеді.</p>
<p align="center"><b>II апта</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p><b>1. Мақсаты:</b> Қол</p>		<p align="center"><b>Математика негіздері.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Атам мен</p>	<p align="center"><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Мен</p>	

<p><b>«Менің көшем»</b></p>	<p>мен аяқ қимылын үйлестіріп жүруді үйренеді. Допты бір-біріне төменнен лақтырып, және қағып алуды біледі.  <b>2. Мақсаты:</b> Доға астынан еңбектеп өтуді біледі.  Бір-бірінен қашық қойылған 5-6 доп арқылы кезекпен аттап өтуді түсінеді  <b>3. Мақсаты:</b>  Педагогтің белгісімен сапта жүрудің бағытын өзгертуді түсінеді. Допты аяқтарымен бір-біріне домалатуды біледі.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Тақырыбы:</b> Біз тұратын көше  <b>Мақсаты:</b> Байланыстырып сөйлеуді үйренеді . Көше туралы түсіне біледі.</p> <p><b>Орыс тілі</b>  <b>Тема:</b> « Моя семья»  <b>Цель:</b> Учить называть на русском языке членов семьи, использовать в речи обобщающее слово « семья» и притяжательные прилагательные, формировать умения составлять предложения по картине.</p>	<p>әжем тұратын үйдің ауласындағы ағаштар  <b>Мақсаты:</b> Таныс заттарды биіктігі бойынша салыстыра алады. Биік аласа, жуан жіңішке, ұғымдарын түсінеді.</p> <p><b>Құрастыру</b>  <b>Тақырыбы:</b> Біздің көше (Құрылыс материалдарынан)  <b>Мақсаты:</b> Ірі құрылыс материалдарынан көшенің құрылысын жасауды үйренеді . Берілген үлгі бойынша құрастыруды біледі.</p> <p><b>Жаратылыстану</b>  <b>Тақырыбы:</b> Күн жылу көзі  <b>Мақсаты:</b> Күн туралы түсініктерді біледі. Күннің көзінен жылу мен жарық тарайтындығын бақылау барысында түсінеді. талдау жасай білуге үйренеді.</p>	<p><b>бақытты баламын»</b>  <b>Мақсаты:</b> Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажыратуды біледі.</p> <p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Мен бақытты баламын»  <b>Мақсаты:</b> Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажыратуды біледі.</p> <p><b>Сурет салу</b>  <b>Тақырыбы:</b> Атам және әжем тұратын үй.  <b>Мақсаты:</b> Геометрилық пішін үшбұрыш, шаршыны сала отырып, үйді бейнелеуді үйренеді . Бейнелеу барысында үйдің бөліктерін көлемі бойынша үйлестіруді түсінеді.</p>	
<p><b>III апта</b>  <b>«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b>  <b>1. Мақсаты:</b> Сапта бағыттарын ауыстыра отырып жүру, жүгіруді біледі. Допты аяқтарымен бір-біріне домалатады.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Тақырыбы:</b> Менің көшем  <b>Мақсаты:</b> Өзінің тұратын көшесі туралы әңгімелеуді біледі. Байланыстырып сөйлей алады.</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> Ұқсас заттар.  <b>Мақсаты:</b> Қоршаған ортадан бір және көп затты таба біледі. Үлестірмелі материалдармен өз</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Бағдаршам бағыт береді»  <b>Мақсаты:</b> Ән айту арқылы бағдаршам қасиеті туралы түсінеді</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысу</b>  <b>Тақырыбы:</b> Жолда жүру ережесін сақтайық  <b>Мақсаты:</b> Көлік түрлерін біледі., жол</p>

	<p><b>2. Мақсаты:</b> Бірінің соңынан бірі бой түзулігін дұрыс сақтап жүреді, жүгіреді. Жіп бойымен тепе-теңдікті сақтап жүруді біледі.</p> <p><b>3. Мақсаты:</b> Орта жылдамдықпен жүруді кезектес-тіре отырып жүгіруді біледі. Жіп бойымен тепе-теңдікті сақтап жүреді.</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Тақырыбы:</b> Бағдаршам өлеңі. С.Дүкенбай.  <b>Мақсаты:</b> Өлеңнің мағынасын түсінеді. Тәрбиешінің көмегімен өлеңді жаттай алады.</p>	<p>бетінше жұмыс жасай алады.  <b>Жаратылыстану</b>  <b>Тақырыбы:</b> Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері  <b>Мақсаты:</b> Табиғат аясындағы тәртіп ережелері туралы түсінеді. Табиғатты аялауға, қорғауды үйренеді.</p>	<p><b>Сурет салу</b>  <b>Тақырыбы:</b> Бағдаршам  <b>Мақсаты:</b> Дөңгелек пішінді заттарды сала алады. Дәстүрден тыс сурет салудың техникасын түсінеді..</p> <p><b>Мүсіндеу</b>  <b>Тақырыбы:</b> Машина  <b>Мақсаты:</b> Машиналар туралы түсінеді. Пропорцияларын сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып, машина мүсіндеуді үйренеді.</p>	<p>бөліктерін(тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргінші өтетін жол )туралы түсінеді.</p>
<p><b>IVапта</b>  <b>«Алтын күз»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b>  <b>1. Мақсаты:</b> Орта жылдамдықпен жүруді кезектес-тіре отырып жүгіруді біледі. Жіп бойымен тепе-теңдікті сақтап жүреді.</p> <p><b>2. Мақсаты:</b>Сапта бір-бірлеп тұру, түрлі бағытта жүру және жүгіруді біледі. Скамейка үстімен тура бағытта түзу жүре алады.</p> <p><b>3. Мақсаты:</b> Қимылының бағытын сақтап, доға</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Тақырыбы:</b> Жыл мезгілі. Күзгі табиғат(сурет бойынша әңгімелеу).  <b>Мақсаты:</b> Мнемотехника әдісі арқылы әңгіме құрастыруды біледі. Байланыстырып сөйлей алады. Табиғатқа қамқор бола білуді түсінеді.</p> <p><b>Орыс тілі</b>  <b>Тема:</b> Осень  <b>Цель:</b> Расширить представление детей об особенностях осени. Воспитывать любовь и заботу о природе.</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> Бақтағы жемістер мен көкөністер .  <b>Мақсаты:</b> Аз, кем ұғымдарын ажырата алады. Биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыруды біледі.</p> <p><b>Құрастыру</b>  <b>Тақырыбы.</b> Жүзім  <b>Мақсаты:</b> Қағазбен жұмыс жасауға үйрету. Қағаздан дөңгелектерді қию арқылы жүзімді жапсыра алады.</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Күз - жомарт», «Алтын күз»  <b>Мақсаты:</b> Музыканы тыңдау, айту арқылы күз мезгілінің ерекшеліктерін біледі.</p> <p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Күз - жомарт», «Алтын күз»  <b>Мақсаты:</b> Музыканы тыңдау, айту арқылы күз мезгілінің ерекшеліктерін біледі.</p> <p><b>Сурет салу</b>  <b>Тақырыбы:</b> Алтын күз (сюжеттік с/с)  <b>Мақсаты:</b> Дәстүрден</p>	

	<p>астынан еңбектей алады. Гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен өрмелеуді біледі.</p>		<p><b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> Алтын күз келді! <b>Мақсаты:</b> Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы, жыл мезгілдері туралы түсініктерді игереді. Табиғаттағы ауа райын бақылауды біледі.</p>	<p>тыс әдісімен ағаштардың дайын суретінің үстінен және жерге сары жапырақтарды орналастыра салуды үйренеді.</p>	
--	---	--	--	--	--

Қараша айы, 2020жыл  
Өтпелі тақырып: Дені саудың – жаны сау

**Мақсаты:** Денсаулық сақтау технологиялары негізінде балалардың спортпен шұғылдануға деген қызығушылықтарын арттыру. Балалар әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде олардың ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту. Шығармашылықтары мен ойлау, қиялдау сезімдерін жетілдіру.

**Міндеттері:**

1. Спорттық ойындар мен жаттығу қимылдарын үйрету барысында балалардың белсенді қатысуы мен ынталануын қадағалау;
2. Құрдастары және ересектермен қарым-қатынас жасауда сөздік қорларын және сөйлеу мәдениетін дамыту;
3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, ой-өрістерін кеңейту;
4. Балаларды құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.

Тақырыпша	Денсаулық-3 Дене шынықтыру-3	Қатынас -2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	Таным-2,5 Математика негіздері- 1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық-3 Музыка-1,5 Сурет салу -1 Жапсыру -0,25 Мүсіндеу – 0,25	Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен танысу -0,5
<p><b>I апта</b></p> <p><b>"Өзім туралы»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b> <b>Мақсаты:</b> Қимылының бағытын сақтап, доға астынан еңбектей алады. Гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен өрмелеуді біледі.</p> <p><b>2. Мақсаты:</b> Көлбеу тақтаймен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жоғары және төмен жүреді және жүгіреді. Допты лақтырады және қағып алады.</p> <p><b>3. Мақсаты:</b> Кіші және үлкен кадаммен жүгіреді. Допты лақтырады</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b> Мен қандаймын? <b>Мақсаты:</b> Сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйренеді. Сөйлем құрастырады және айтады.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:</b> Мен кімін? <b>Мақсаты:</b> Өзі туралы қарапайым түсініктері қалыптасады; өзін құрметтеуге және өзінің «мен өзім» деген дербестігі нығаяды.</p>	<p><b>Математика негіздері.</b> <b>Тақырыбы:</b> Оң жақ – сол жақта. . Заттарды сәйкестендіру <b>Мақсаты:</b> Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтай біледі, заттарды оң қолымен солдан оңға қарай орналастыра алады. Оң қолы мен сол қолын ажырата алу білігі дамиды.</p> <p><b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> Мен табиғатты бақылай аламын. <b>Мақсаты:</b> Табиғат дыбысын, яғни судың сылдырын, желдің , жаңбырдың дыбысын және жануарлардың дауыстарын ести біледі.</p>	<p><b>Музыка</b> <b>Тақырыбы:</b> «Шыныққан шымыр баламыз» <b>Мақсаты:</b> Таныс әндердің қарапайым әуендерін ажыратуды біледі.</p> <p><b>Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b> Мен жасай аламын. <b>Мақсаты.</b> Дөңгелек пішінді заттардың суретін салады. Түстерді үйлестіре білуге үйренеді.</p> <p><b>Жапсыру.</b> <b>Тақырыбы:</b> Менің мәшиналарым <b>Мақсаты:</b> Балалар геометриялық фигуралардың көмегімен</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысу.</b> <b>Тақырыбы:</b> Мен табиғатты қорғаймын. <b>Мақсаты:</b> Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге күтім жасайды (ірі жапырақтарды сүрту, гүлдерді суару).</p>



	және қағып алуды біледі.			дұрыс орындауға үйренеді; тіктөртбұрыш, дөңгелек, сопақша фигураларды дұрыс қияды.	
<b>III апта «Астана- Отанымыздың жүрегі»</b>	<b>Дене шынықтыру-3</b> <b>1. Мақсаты:</b> Тепе-теңдікті сақтау және қол – аяқ бұлшық еттерін нығайту, жаңа қимыл түрлерін жасау арқылы иық, қол – аяқ бұлшық еттерін дамиды. Жаттығу жасау кезінде, денені дұрыс ұстап, көзбен бағдарлай біледі. <b>2. Мақсаты:</b> Еденде жатқан заттан секіруді, алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіруді жалаушаға дейін еңбектеу дағдыларын меңгереді. <b>3. Мақсаты.</b> Сапта тізбектеліп жүруді, жыланша ирелеңдеп жүруді және белгі бойынша қарқындап өзгертіп жүруді біледі.	<b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b> Астана- арман қала (сурет бойынша әңгімелеу) <b>Мақсаты:</b> Балалар суретке өз ойын айта біледі. (Мнемотехника тәсілімен)  <b>Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:</b> Менің сүйікті қалам, Ел ордасы - Астанам <b>Мақсаты:</b> Балалар қала, ауыл және Астана туралы түсініктерді біледі. Сурет бойынша тиянақтап, ой-өрісін жеткізе алады.	<b>Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Сандарды салыстыру. Алыс – жақын. <b>Мақсаты:</b> 1, 2, 3, 4 цифрларын түсініп, айыра алады. сандарды салыстыру, «кеңістік» ұғымын (алыс, жақын); түсініп өз ойымен айта алады.  <b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> Жабайы жануарлар <b>Мақсаты:</b> Жабайы аңдар туралы біледі. Олардың түрлерін бір-бірінен ажыратуға, дене мүшелерін дұрыс айта алады.	<b>Музыка</b> <b>Тақырыбы:</b> Мен Отанды сүйемін <b>Мақсаты:</b> Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдерін айта алады.  <b>Музыка</b> <b>Тақырыбы:</b> Гүлдене бер Астана <b>Мақсаты:</b> Музыка ырғағын сезіну, түрлі сипаттарды ажырата біледі. Ән арқылы Астана туралы түсінеді.  <b>Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b> Пирамида <b>Мақсаты:</b> Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, пирамиданың суретін сала алады.  <b>Мүсіндеу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Бәйтерек» <b>Мақсаты:</b> «Бәйтерек» туралы түсінеді. «Бәйтеректің» бейнесін түрлі әдіс-	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> <b>Тақырыбы:</b> Астана-бас қалам <b>Мақсаты:</b> Астана туралы түсінеді. Өз елінің рәміздеріне құрметпен қарауға үйренеді.

				тәсілдерді пайдалана отырып мүсіндей алады.	
<p><b>IV апта</b></p> <p><b>«Туған өлкем»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p><b>1. Мақсаты:</b> Тепе-теңдікті сақтау және қол – аяқ бұлшық еттерін нығайту, жаңа қимыл түрлерін жасау арқылы иық, қол – аяқ бұлшық еттерін дамиды. Жаттығу жасау кезінде, денені дұрыс ұстап, көзбен бағдарлай біледі.</p> <p><b>2. Мақсаты:</b> Еденде жатқан заттан секіру Алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіріп бару Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру, Жолмен жалаушаға дейін еңбектеу.</p> <p><b>3. Мақсаты:</b> Тепе-теңдікті сақтау және қол – аяқ бұлшық еттерін нығайту, жаңа қимыл түрлерін жасау арқылы иық, қол – аяқ бұлшық еттерін дамытуды біледі</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Біз тұратын ауыл» (сурет бойынша әңгіме құрау)</p> <p><b>Мақсаты:</b> Мнемотехника әдісі арқылы ауылдың көрікті орындарын ретімен сипаттап, әңгіме құрастыра біледі.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Туған өлке» Ө.Тұрманжановтың</p> <p><b>Мақсаты:</b> Өлеңді зейін қойып тыңдауды біледі. Туған жерлерін сүюді, құрметтеуді үйренеді.</p> <p><b>. Орыс тілі</b></p> <p><b>Тема:</b> Моя Родина –Казахстан; <b>Цель:</b> формирование у учащихся стремления больше знать о своей Родине; способствовать воспитанию патриотических чувств, любви и уважения к Родине</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Кеңістікті бағдарлау. Жоғарыда – төменде, сол жағында – оң жағында. Шаршы</p> <p><b>Мақсаты:</b> Кеңістіктік қатынастар (сол жағында, оң жағында, үстінде, алдында, ортасында) туралы ұғымдарды біледі.</p> <p><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы</b> Мен табиғатты бақылай аламын ба?</p> <p><b>Мақсаты:</b> «Бақылау» ұғымын түсіне отырып, жанды табиғат, оның тіршілік ортасы және жансыз табиғаттағы қайталанбас құбылыс түрлерін біледі.</p> <p><b>Құрастыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Бәйтерек» монументі .</p> <p><b>Мақсаты:</b> Бәйтерек ғимаратын қатты қағаздарды дұрыс қолдана отырып құрастыруды біледі.</p>	<p><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы: Қыс қызығы</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Әуенсазына ілесе қыс көріністерін қыймыл – қозғалыспен бейнелей біледі.</p> <p><b>Суретсалу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Достық үйі»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Геометриялық пішіндерді салуға, ою-өрнекпен әшекейлеуге үйрету. Саусақ моторикасын дамыту.</p> <p><b>Жапсыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Қысқы орман» (Сюжеттік)</p> <p><b>Мақсаты:</b> Бейнелерді жырту тәсілімен жапсырады, Жыл мезгілдері туралы түсінгендерін айта алады.</p>	

**2021 жыл, Қаңтар айы**  
**Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»**

**Мақсаты:** Балалардың қимыл әрекетін ұйымдастыра отырып, ересектермен, балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту. Табиғатта өзін ұстай білу Ережелері мен тірі және өлі табиғат объектілеріне деген ұқыпты қарым-қатынасын дамыту. Эстетикалық талғамдарын жетілдіру.

**Міндеттері:**

1. Дене жаттығулары мен сауықтыру шараларына деген қызығушылықтарын күшейту, қимылдық дағдыларын жетілдіру;
2. Шағын әңгімелер құрастыру, ойында әдеби бейнелерді қолдану білім, біліктерін дамыту;
3. Қарапайым зерттеуге қызығушылықтарын туғызу, сенсорлық қабілеттерін жетілдіру, бекіту;
4. Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауларын дамыту;
5. Жеке тұлғаны дамыту, әлеуметтік дағдыларын жетілдіру.

<p style="text-align: center;"><b>I апта</b></p> <p style="text-align: center;"><b>"Айналамыздағы өсімдіктер"</b></p>	<p style="text-align: center;"><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p><b>1.Мақсаты.</b> Жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс орындауды, ойын ережесін ойын барысында сақтау қажеттігін түсінеді.</p> <p><b>2.Мақсаты.</b> Сапта жүру, аяқ ұшымен ирелеңдеп жүруге, жылдам жүгіруді біледі. Қос аяқтап секіру біліктерін жетілдіруді, қимыл үйлесімділігін дамытуды түсінеді.</p> <p><b>3. Мақсаты:</b> Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүруді біледі.</p>	<p style="text-align: center;"><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Бөлме гүлдері»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалар гүлдер туралы түсініктерді біледі. Олардың түрлерін ажырата алады.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Шырша» өлеңі</p> <p>Е.Өтетілеуұлы</p> <p><b>Мақсаты:</b> Шырша туралы түсініп өз ойын айта алады. Балалар өлең жолдарын жатқа эмоционалды, мәнерлі айта біледі.</p>	<p style="text-align: center;"><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> 5 цифры мен саны.</p> <p><b>Мақсаты:</b> 5 цифрымен танысады; заттың орналасқан орнын анықтау және сөзбен баяндай (сол жақта, оң жақта, алдында, артында) алады.</p> <p style="text-align: center;"><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Бөлме өсімдіктері</p> <p><b>Мақсаты:</b> Бөлме өсімдіктер туралы түсіне отырып, гүлдердің түрін біледі. Оларды баптап, күту ережелерін түсінеді.</p>	<p style="text-align: center;"><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Шырша»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Заттардың үлгі бойынша өзіне тән ерекшеліктерін, пішінін пропорциясын сақтай отырып сурет салуды біледі.</p> <p style="text-align: center;"><b>Мүсіндеу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Шырша жаңғақтары»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеуді үйренеді. Оларды орналастыру, пропорцияны сақтай отырып, бөліктерді біріктіру тәсілдерін меңгереді.</p> <p style="text-align: center;"><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Шырша жыры</p> <p><b>Мақсаты:</b> Әнді</p>	<p style="text-align: center;"><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Қыс қызығы.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Табиғатқа құстарға деген қызығушылықтары артып, қыс қызығы туралы әңгімелеп айта алады.</p>
---	--	---	--	---	---

				<p>бірқалыпты табиғи дауыспен мәнерлеп айтуға үйренеді.</p> <p><b>Музыка</b> <b>Тақырыбы: Шырша жыры</b> <b>Мақсаты:</b> Әнді бірқалыпты табиғи дауыспен мәнерлеп айтуға үйренеді.</p>	
<p><b>II апта</b> <b>«Жануарлар әлемі»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b> <b>1.Мақсаты.</b> Жіңішке арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүруді, аяқ ұшымен ирелеңдеп жүру, қос аяқтап секіру дағдыларын еңгереді.</p> <p><b>2.Мақсаты.</b> Залдың бір шетінен ойыншыққа дейін қосаяқтап, алға жылжып секіріп баруды біледі. Ойын ережесін сақтап ойнауға үйренеді.</p> <p><b>Мақсаты.</b> Допты бір-біріне домалатуды, сапта қолдарын жоғары көтеріп шапалақтап жүруді біледі. Салауатты өмір дағдыларын қалыптастыруға үйренеді..</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b> «Үй жануарлары мен төлдері» <b>Мақсаты:</b> Балалар үй жануарлары туралы түсініп, олардың төлдерін атай білуге үйренеді. Тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана отырып, балалардың сөздік қорларын дамиды</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:</b> «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі <b>Мақсаты:</b> Балалар ертегі мазмұнын түсініп, өз ойларымен айта алады</p> <p><b>Орыс тілі.</b> <b>Тема «В МИРЕ ЖИВОТНЫХ».</b> <b>Цель:</b> учить детей гуманно относиться к животным, любить их и ухаживать за ними; учить различать диких и домашних животных, распознавать детенышей;</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> 5саны мен цифры. Не неге ұқсайды? Кеңістікте бағдарлау. <b>Мақсаты:</b> 5 цифры туралы алған білімдерін қортындылайды, түрлі арақашықтықта орналасқан заттарды теңестіруді үйреніп; тапсырманы тиянақты орындауды біледі.</p> <p><b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> Үй жануарлары <b>Мақсаты:</b> Үй жануарларымен таныса отырып, олардың тіршілік әрекеті туралы өз ойларын айта алады. Жануарлардың тіршілігі адамның қамқорлығына, күтіміне зәру екендігі туралы біледі.</p>	<p><b>Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Қоян» <b>Мақсаты:</b> Жануарлар туралы түсіне отырып, олардың ерекшеліктерін ескеріп, сурет салуды біледі..</p> <p><b>Жапсыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Қошақан» <b>Мақсаты:</b> Үй жануары қошақан бейнесін жырту тәсілі арқылы жапсыруды біледі. қайшымен жұмыс жасай алады.</p> <p><b>Музыка</b> <b>Тақырыбы. Біздің оркестр</b> <b>Мақсаты:</b> Шығарманы зейін қойып тыңдауға, аспа дыбыстарын ажырата біледі Оркестр туралы мағлұматтарды түсінеді.</p>	

		воспитывать любовь к животным, формировать и детей доброжелательное и заботливое отношение к животным, понимание особенностей поведения животных.	<p><b>Құрастыру</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Жануарларларға қора жасаймыз»  <b>Мақсаты:</b> Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре білуге үйрету. Шығармашылық қиялдау дағдыларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>		
<p><b>III апта</b>  <b>«Құстар-біздің досымыз»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b>  <b>1. Мақсаты.</b> Допты бір-біріне домалатуды қайталай отырып, (1,5-2 м)  Қол-аяқ қимыл-қозғалыс икемділігі мен үйлесімділігі дамиды.</p> <p><b>2. Мақсаты: (БК)</b>  Қимыл-қозғалысы белсенділігін артады. Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүруді біледі.</p> <p><b>3. Мақсаты:</b> Сапқа тұру, жүру, зал ішінде шашыраңқы жүгіруді, өз орындарын тауып дұрыс тұра біледі. Жалпы даму жаттығу-ларын және негізгі қимыл – қозғалыс</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Құстар біздің досымыз»  <b>Мақсаты:</b> Құстар тіршілігі туралы түсініктері дамиды. Оларға қамқорлық жасау туралы түсінеді.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі  <b>Мақсаты:</b> Балалар ертегіні тыңдай отырып, қарлығаштың адамға дос екенін, дәуіттің адалдығын түсінеді. Балалар бір-біріне көмек тесуге, қиналған кезде жәрдем беруді біледі.</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> Оң жақта, сол жақта, ортасында.  <b>Мақсаты:</b> кеңістікті бағдарлай алады. Қағаз бетінде бағдарлау қабілетін арттып; зейіндері дамиды</p> <p><b>Жаратылыстану</b>  <b>Тақырыбы:</b> Қыста құстарға қамқор боламыз  <b>Мақсаты:</b> Өлкеде қыстап қалатын құстар туралы түсінеді. Оларды атай алады, қамқорлық жасау керектігін біледі.</p>	<p><b>Сурет салу</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Тотықұс»  <b>Мақсаты:</b> Құстың үлгісі бойынша пішінін, түсін ескере отырып бейнелеуді біледі. Эстетикалық тәрбие туралы түсінеді.</p> <p><b>Мүсіндеу</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Торғай»  <b>Мақсаты:</b> торғайдың өзіндік ерекшеліктерін келтіре отырып, мүсіндей біледі. Шымшу, басу, тегістеу тәсілдерін меңгереді.</p> <p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы: Аңдар айтысы</b>  <b>Мақсаты:</b> Әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануарлардың қимыл-қозғалысын келтіре біледі.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Құстың ұясы»  <b>Мақсаты:</b> Құстар және олардың түрлерімен таныса отырып, өз ойларын айта алады. Құстарды аялай білуде ересектердің еңбегі туралы. Түсінеді.</p>



	жаттығуларын дұрыс жасай алады.			Музыка <b>Тақырыбы: Аңдар айтысы</b> <b>Мақсаты:</b> Өннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануарлардың қимыл-қозғалысын келтіре біледі	
<b>IVапта</b> <b>«Ғажайып қыс»</b>	<b>Дене шынықтыру-3</b> <b>1. Мақсаты.</b> Саптанық кадаммен жүру, белгі бойынша тоқтап жүру және жүгіруді, допты алысқа лақтыруды біледі <b>Мақсаты.</b> Допты алысқа кеуде тұсынан лақтыруды қайталау және шеңберден шеңберге аттай алады. Қол-аяқ қимыл-қозғалыс икемділігі мен үйлесімділігі дамиды. <b>2.Мақсаты.</b> Еденде 10-20см қашықтыққа секіруді, тізбектеліп сапта аюша қорбаңдап жүру, қолды жоғары көтереіп-түсіріп жүру, сигнал бойынша отырып, тұру дағдыларын меңгереді. <b>3.Мақсаты:</b> Кішкентай доппен	<b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b> «Қар жамылған ағаштар» (сурет бойынша әңгімелеу) <b>Мақсаты:</b> Сурет бойынша әңгіме құрастыра отырып, сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолдану дағдыларын меңгереді.  <b>Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:</b> Көңілді қыс <b>Мақсаты:</b> Қыс мезгілі туралы түсіне отырып, қыс мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін ажырата біледі. Өз ойын толық жеткізе білуге, жүйелі әңгіме леуге үйренеді.  <b>Орыс тілі</b> <b>Тема: «Зима»</b> <b>Цель:</b> закрепить знания детей по предыдущей теме, продолжать развивать понимание русской речи. Учить новые слова и фразы по теме «Зима», внимательно слушать	<b>Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Заттардың кеңістікте орналасу тәуелсіздігі. Геометриялық пішіндер.  <b>Мақсаты:</b> Заттардың кеңістікте орналасуына санның тәуелсіздігін түсіне білуді үйренеді. Көру арқылы есте сақтау қабілетін дамиды ;топта жұмыс істей білуге үйренеді.  <b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> Біздің өлкеге қыс келді <b>Мақсаты:</b> Қысқы табиғатты бақылап, қарапайым өзгерістерді атай біледі. Қысқы табиғат құбылыстары қардың жауғаны аяз туралы түсініктерді, берілген сұрақтарға жауап бере алады.  <b>Құрастыру</b> <b>Тақырыбы:</b> Шырша	<b>Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Аққала» <b>Мақсаты:</b> Заттардың пішінін бейнелеу дағдыларын ескере отырып, аққаланың суретін сала алады.  <b>Жапсыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Қысқы көрініс» <b>Мақсаты:</b> Қағаз бетінде бейнелерді құрастыру, одан кейін оларды желімдеу дағдыларынбіледі.  <b>Музыка</b> <b>Тақырыбы. Құстар дауысы</b> <b>Мақсаты:</b> Құстар тіршілігі туралы мағлұмат біледі. Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырата алады.	

	кегельдер арасында ирелеңдеп жүгіруді, гимнастикалық орындық үстімен, қолды белге қойып жүре алады.	текст рассказа и отвечать на вопросы по его содержанию, упражнять в подборе прилагательных к слову «Зима».	ағашы. <b>Мақсаты:</b> Фетрдан шыршаны құрастыра алады. Бөліктерді біріктіру үшін желімдерді пайдалануды біледі.		
--	---	--	---	--	--

## 2021 жыл, Ақпан айы

### Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»

**Мақсаты:** Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану негізінде экологиялық білімдерін жетілдіру. Шығармашылық ойлау мәдениетін дамыту. Балалардың өзіндік шығармашылық қызметтерін іске асыру. Жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу.

#### Міндеттері:

1. Өз денсаулығына саналы қарауға үйрету, денсаулықтың адамға табиғаттың берген басты құндылығы екенін түсіндіру;
2. Белсенді сөздіктерін дамыту, тілдің грамматикалық жағын қалыптастыру, балалар әдебиетіне деген қызығушылықты дамыту;
3. Тірі және өлі табиғат объектілеріне деген ұқыпты қарым-қатынасқа тәрбиелеу, танымдық, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру;
4. Шығармашылық ойлау, әсерлі қиялдау дағдыларын қалыптастыру.

<b>I апта</b> <b>«Ғажайыптар әлемі»</b> <b>(Өлі табиғат құбылыстары)</b>	<b>Дене шынықтыру-3</b> <b>1.Мақсаты.</b> Тізбектеліп сапта аюша қорбандап жүру, қолды жоғары көтереіп-түсіріп жүру, сигнал бойынша отырып, тұруды біледі. Еденде жатқан заттан секіру арқылы, қимыл-қозғалысы	<b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b> «Мөлдіреген аппақ қыс» (сурет бойынша әңгіме) <b>Мақсаты:</b> Өз бетінше сөйлеу мәнері мен дауыс күшін тиісінше өзгертіп отыруды біледі. Қысқа байланысты тақпақ, сұраққа жауап айта алады.  <b>Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы :</b> Ө. Дүйсенбиевтің	<b>Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Сан мен цифрды сәйкестендіру. Тәулік бөліктері. Кең, тар, өте тар. Есептік және реттік санау <b>Мақсаты:</b> 1-ден 5-ке дейінгі сандар туралы түсініп «кеше», «бүгін», «ертең» ұғымдарын айыра біледі. <b>Жаратылыстану</b>	<b>Сурет салу.</b> <b>Тақырыбы:</b> Қардың бейнесін салу. <b>Мақсаты:</b> Қардың бейнесін салуды, бояуды қолдану дағдыларын біледі.  <b>Мүсіндеу.</b> <b>Тақырыбы:</b> Күн. <b>Мақсаты:</b> Күннің көзінің жер бетіндегі тіршілікке пайдасы туралы түсіне	<b>Қоршаған ортамен таныстыру.</b> <b>Тақырыбы:</b> Бізді қоршаған-әлем. <b>Мақсаты:</b> Айналад ағы заттардың атқаратын қызметінің, осы заттардан жасалған материалдың құрылысының
--	--	--	--	--	---

	<p>белсенділігі дамиды.</p> <p><b>2.Мақсаты.</b> <b>Мақсаты:</b> Жіптен ұстап шеңбер бойымен жүруді, екі сызықтың арасында тепе-теңдікті сақтауды біледі.</p> <p><b>3.Мақсаты.</b> Шеңбер бойымен аяқ ұшымен және өкшемен жүру, жылдам жүгіру, арқанның астымен орындыққа дейін еңбектеу дағдылары дамиды.</p>	<p>«Қыс» өлеңін жаттау. <b>Мақсаты:</b> Қыс мезгіліндегі табиғат көріністеріне, оның ерекшеліктерін түсінеді. Қысқы еңбек түрлерін, ойнайтын ойындарды айта алады. .</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> Табиғат құбылыстары <b>Мақсаты:</b> Әр жыл мезгіліне тән табиғат құбылыстарының ерекшеліктерін айта алады. Табиғат құбылыстарының адамның физикалық және эмоциялық күйіне әсері туралы түсінеді.</p>	<p>отырып, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу дағдылары дамиды.</p> <p><b>Музыка</b> <b>Тақырыбы: Айнала ақша қар</b> <b>Мақсаты:</b> Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажыратады.</p> <p><b>Музыка</b> <b>Тақырыбы: Айнала ақша қар</b> <b>Мақсаты:</b> Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажыратады.</p>	<p>арасындағы байланысты түсінеді.</p>
<p><b>II апта</b> <b>«Көліктер»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b> <b>1.Мақсаты.</b> Арқанның астымен орындыққа дейін еңбектеуді қайталау. Шеңбер бойымен аяқ ұшымен және өкшемен жүру, жылдам жүгіру дағдылары дамиды.</p> <p><b>2.Мақсаты.</b> Жиектері шектелген тура жолақ бойымен жүру. (ені 20-25см, ұзындығы-2м) Әртүрлі бағытта жәй жүру және жүгіру дағдылары қалыптасады.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы: «Көліктер»</b> <b>Мақсаты:</b> Көлік түрлерін (әуе, жүк, жеңіл, су ) айта алады. Жолда жүру ережесін сақтауды, мейірімділікті, ұқыптылықты, көлік мамандарының еңбегін бағалай білуді, құрметтеуді түсінеді.</p> <p><b>Көркем әдебиет.</b> <b>Тақырыбы:</b> Т.Әбдірахманов «Қағаз кеме» өлеңі. <b>Мақсаты:</b> Көлік түрлерімен таныса отырып , жүргізушілердің еңбегін құрметтеуді біледі. Өлең жолдарын жатқа айта алады.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Сан мен цифрды сәйкестендіру. Шар, текше, цилиндр</p> <p><b>Мақсаты:</b> 1-ден 5-ке дейінгі цифрлар туралы біледі. Шар, цилиндр, текше сияқты көлемді денелермен танысады.</p> <p><b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> Көліктер <b>Мақсаты:</b>Көліктерді ажырата білуге,не үшін керек екендігі туралы түсінеді. Көлік туралы жұмбақтарды шешу арқылы балалар көлік түрлерінің ерекшеліктерін түсінеді.</p>	<p><b>Сурет салу</b> <b>Сурет салу.</b> <b>Тақырыбы:</b>Машина. <b>Мақсаты:</b>Көліктердің суретін салуда суреттің мазмұнын бере біледі. .</p> <p><b>Жапсыру</b> <b>Тақырыбы:</b> Жүк көлігі. <b>Мақсаты:</b>Бейнені айқын беру үшін сұлбаны қию, жапсыру тәсілдерін біледі.</p> <p><b>Музыка</b> <b>Тақырыбы: Қыс өрнегі</b> <b>Мақсаты:</b> Өнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуды, әуенді тыңдап, әңгімелей біледі.</p>	

	<p><b>3.Мақсаты:</b>Бір-біріне допты домалатуды, допты домалату кезінде қолдың қозғау күшін, қимыл үйлесімділігін, ұқсас сезім мүшелерін дамуын түсінеді.</p>	<p><b>Орыс тілі</b>  <b>Тема:</b> «Виды транспорта»  <b>Цель:</b> Познакомить детей с различными видами транспорта;  Упражнять в умении классифицировать транспорт по видам;  Уметь по слуху определять звуки транспорта;</p>	<p><b>Құрастыру</b>  <b>Тақырыбы:</b>Машина.  <b>Мақсаты:</b> Балалар қалдық материалдан бұйым жасауды үйренеді. Бөліктерді біріктіру үшін желімді пайдалану шеберліктерін дамиды.</p>		
<p><b>III апта</b>  <b>«Электроника әлемі»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p><b>1.Мақсаты.</b> Әртүрлі бағытта жәй жүру және жүгіру дағдылары қалыптасады. Қимыл-қозғалысы белсенділігін артады.</p> <p><b>2. Мақсаты.</b> Жұптасып сапта жүру және жүгіру дағдылары қаыптасып, . 10-15см биіктіктен секіруге үйренеді.. Қимыл-қозғалысы белсенділігін артады.</p> <p><b>3. Мақсаты:</b> Алға қарай ұмтыла затқа дейін екі аяқтап секіріп,. доға астынан нысанаға дейін еңбектей алады.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Электротехникалық тұрмыстық заттар»  <b>Мақсаты:</b> Балалар тұрмыстық электротехника заттарының атауларымен біледі. Олардың қолданысын түсінеді.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Тоңазытқыш»  <b>Мақсаты:</b> Сурет бойынша әңгіме құрастыра отырып, шығарма мен өлеңді ажырата біледі. Заттарды суреттерден танып, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алады.</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> Есептік және реттік санау. Сан мен цифрды сәйкестендіру.  <b>Мақсаты:</b> Реттік санауды (5-ке дейінгі сандар) сандық және реттік санауды айыру, «қанша?», «нешінші?» сұрақтарына дұрыс жауап бере алады.</p> <p><b>Жаратылыстану</b>  <b>Тақырыбы:</b> Қысқы ағаштар  <b>Мақсаты:</b> Қысқы ағаштардың бұтағына, діңіне қарап ажырата біледі. Ағаштар мен талдарға қамқор болуды, ағаштардың адамға тигізер пайдасын түсінеді.</p>	<p><b>Сурет салу</b>  <b>Тақырыбы:</b>«Теледидар»  <b>Мақсаты:</b> Заттардың үлгі бойынша, түсін ескере отырып салуды біледі.</p> <p><b>Мүсіндеу</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Ұялы телефон»  <b>Мақсаты:</b> Тұрмыстық заттарды мүсіндеуге қызығушылық дағдыларын қалыптасып, ұсақ қол мотори қасы дамиды.</p> <p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы:</b> Бауырсақ ертегісі  <b>Мақсаты:</b> Балалар ертегіні түсіне отырып, кейіпкерді сомдауға үйренеді.</p> <p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы:</b> Бауырсақ ертегісі  <b>Мақсаты:</b> Балалар ертегіні түсіне отырып,</p>	<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру.</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Электроника әлемінде»  <b>Мақсаты:</b> Қоршаған заттар олардың қасиеттері және міндеттері туралы біледі.</p>

				кейіпкерді сомдауға үйренеді.	
<p><b>IV апта</b></p> <p><b>«Мамандықтың бәрі жақсы»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p><b>1.Мақсаты.</b> Сапта жәй жүру және жүгіру, сигнал бойынша отырып-тұру дағдыларын түсінеді. Затты алысқа лақтыруды, секіру, жүгіру дағдыларын біледі.</p> <p><b>2.Мақсаты.</b> Саты бойымен өрмелеу Жұптасып сапта жүру және жүгіру дағдылары қаыптасып, 10-15см биіктіктен секіруге үйренеді</p> <p><b>3.Мақсаты.</b> Бағытты өзгерте отыра жүру, әр түрлі бағытта жүгіруді, жіңішке арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүруді біледі</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b>«Мамандықтың бәрі жақсы» (сурет бойынша әңгіме)</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалар болашақ мамандыққа байланысты ұғымын тереңдетіп, еңбекке деген қызығушылық тары артып, үлкендердің еңбегін бағалауға үйренеді.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Менің анам ұстаз»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Дыбыстар мен сөз түрлерін қайталай отырып, сөйлем туралы түсінеді. Берілген сөзді қатыстырып, көрсетілген сызбаға сәйкес келетін сөйлем құрай алады.</p> <p><b>Орыс тілі</b></p> <p><b>Тема «Все профессии важны, все профессии нужны»</b></p> <p><b>Цель:</b> обобщить и активизировать знания детей о труде, профессиях. Закреплять знания дошкольников о различных профессиях. Развивать речь, мышление, воображение, активность, самостоятельность.</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Қанша? Цифрды заттың санымен сәйкестендіру. Сол жағында, оң жағында.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді біледі. қағаз бетінде бейнеленген заттарды орналасу ретіне қарай сөзбен атап көрсете алады.</p> <p><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Мамандықтар</p> <p><b>Мақсаты:</b> Әр түрлі мамандық түрлері туралы түсінеді. . Мамандық иелерінің қызметі және олардың еңбегімен таныса отырып, олардың маңыздылығы туралы біледі.</p> <p><b>Құрастыру.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Ұшақ. Қағазбен жұмыс.</p> <p><b>Мақсаты:</b>Берілген тақырып бойынша қағаздан құрастыруды біледі. Қағазды ортасынан бүктеу, түрлі бағытта, тегістеп бүктей білу дағдыларын меңгереді.</p>	<p><b>Сурет салу.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Жаңа үй »</p> <p><b>Мақсаты:</b> Төртбұрыштар сызып, оларды бояу арқылы, балалардың қиялдау, байқағыштық және әлемді бейнелі қабылдау сезімі дамиды.</p> <p><b>Жапсыру «Биші»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Қарапайым пропорцияны сақтай отырып, адам бейнесін жапсыруды үйренеді. , қазақ халқының би өнері туралы түсінеді.</p> <p><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы: Орманға саяхат</b></p> <p><b>Мақсаты.</b> Музыкалық шығармалардың сезімдік мазмұнын, сипатын ажыратады.</p>	

2021 жыл, Наурыз айы

Өтпелі тақырып «Салттар мен фольклор»

**Мақсаты:** жаңашыл әдіс-тәсілдерді, ақпараттық құралдарды (АКТ) пайдалана отырып, мемлекетімізде тұратын әр-түрлі ұлт өкілдері және олардың салт-дәстүрлері туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың мүмкіндіктері мен қызығушылықтарына сәйкес ұлттық дәстүрге баулу, танымдық белсенділіктерін арттыру.

**Міндеттері:**

1. Балаларды тәрбиелеуде, олардың денсаулығын сақтау мен нығайтуда ата-аналарға қолдау көрсету, түрлі спорттық шараларға тарту;
2. Қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдай отырып, балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;
3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыра отырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу;
4. Ересектердің еңбектерін құрметтеуге тәрбиелей отырып, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру.

<p><b>I апта</b></p> <p><b>«Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p><b>1.Мақсаты.</b> Жұптасып сапта жүру және жүгіру дағдылары қаыптасады. Заттар арасымен өту, қимыл-қозғалысы белсенділігін дамыту жаттығуларын орындай алады.</p> <p><b>2.Мақсаты.</b> Бір бағытта шеңбер бойымен жұптасып жүруді, доға астынан допты домалатып өтуді біледі.</p> <p><b>3.Мақсаты:</b> Кеглилер арасымен допты көтеріп жүруді, бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіруді біледі.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Наурыз көктем»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Наурыз мерекесі туралы түсіне отырып, болған оқиғаны еске түсіру арқылы әңгімелеуді үйренеді.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Бесік жыры»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Шағын әңгімелер құрастырып, ойында әдеби бейнелерді қолданады.</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Геометриялық пішіндер</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға өздеріне таныс дөңгелек, шаршы және үшбұрыш сияқты геометриялық пішіндерді бір бірінен ажырата біледі.</p> <p><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Қазақстанның Қызыл кітабы</p> <p><b>Мақсаты:</b> «Қызыл кітапқа» енгізілген және жойылып кету қаупі төнген жануарларды атай алады. Табиғатта өзін ұстау ережесін біледі.</p> <p><b>Құрастыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> « Әшекей бұйымдар»(сакина)</p> <p><b>Мақсаты:</b>Қағаздан орамдар, жиектер</p>	<p><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Қуыршақ Сәуленің киімі»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ұлттық киімнің көптүрлілігі туралы түсініктерді біледі. Киімді өрнектеу, әшекейлеу икемділігі дамиды.</p> <p><b>Мүсіндеу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Торсық»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Халық шеберлерінің еңбегі туралы біледі. Саздан жасалған халықтық бұйымдардың желісі бойынша мүсіндей алады.</p> <p><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Ақ әжем</p> <p><b>Мақсаты:</b> Музыкалық сипаттағы сабырлы әуенді, ән мазмұнындағы көңіл күйді сезіне біледі.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b>Менің елімнің салт-дәстүрі.</p> <p><b>Мақсаты:</b>Туған елдің салт-дәстүрлерімен таныса отырып, бесік жыры, тұсау кесу, бесікке бөлеу дәстүрлері туралы түсінеді.</p>
---	--	--	--	---	--

			<p>жасауды біледі. Бөлшектерді өзара желімдеу, композиция жасау. ұжымдық іс-әрекет дағдылары дамиды.</p>	<p><b>Музыка</b> <b>Тақырыбы: Ана өмір шырағы</b> <b>Мақсаты:</b> Музыканың көмегі арқылы көңіл күйді сезініп, әңгімелей біледі. Өртүрлі сипаттағы әуенді қимылмен көрсетуге, би қимылдарын есте сақтауға дағдыланады.</p>	
<p><b>II апта</b> <b>«Ертегілер елінде. Театр әлемі»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b> <b>Мақсаты:</b> Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіруді, допты қос қолдап лақтыруды біледі.</p> <p><b>2.Мақсаты.</b> Жалпақ тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтап жүруді біледі.</p> <p><b>3.Мақсаты.</b> Сапта жәй жүру және жүгіруді, аю мен қоянның қимылын жасап жүруді және секіру дағдыларын түсінеді. Тақтай үстіне шығу және бойымен жүру дағдыларын жетілдіру, қол-аяқ қимыл үйлесімділігін дамыту туралы біледі</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b> Менің сүйікті ертегім: «Түлкі мен ешкі» <b>Мақсаты:</b> Ертегіні өз ойымен әңгімелеуге, байланыстырып сөйлеуді біледі.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:</b> Құмырсқа мен көгершін <b>Мақсаты:</b> Оқылған ертегіні дұрыс түсіну, ойларын тиянақтау арқылы байланыстыра сөйлеуді біледі</p> <p><b>Орыс тілі</b> <b>Тема:</b> «Путешествие в мир сказок » <b>Цель:</b> Расширение и закрепление знаний детей о сказках, героях сказок, об окружающем мире. Образовательные: учить детей отвечать полным предложением; активизировать словарь; называть героев сказок и название сказок</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Таңертең. Біреу – көп <b>Мақсаты:</b> тәулік бөлігімен таныса отырып, заттың санын ажырата алады. (бір – көп)</p> <p><b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> Қазақстанда мекендейтін жабайы жануарлар <b>Мақсаты:</b> Қазақстан жерін мекендейтін жануарлармен танысады. олардың тіршілігі туралы мағлұмат алады.</p> <p><b>Құрастыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Сиқырлы зәулім үй» <b>Мақсаты:</b> Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре білу және онымен ойнай отырып, шығармашылық қиялдау дағдылары қалыптасады.</p>	<p><b>Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Менің сүйікті ертегім» <b>Мақсаты:</b> Ертегі кейіпкерінің бейнесін салуды және жануарлар мен адамның мінез-құлқына тән ерекшеліктерін бейнелей білуді үйренеді.</p> <p><b>Жапсыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Алдаркөсенің ішігі» <b>Мақсаты:</b> Балалар үлгімен жұмыс істеуді, оны айналдыра сызып, кескін бойымен қиып алуды, композицияның бөліктерін дұрыс орналастыруды үйренеді.</p> <p><b>Музыка</b> <b>Тақырыбы: Наурыз жыл басы</b> <b>Мақсаты:</b> Ұлттық рәсім туралы қарапайым түсініктерді, сыйластықты түсінеді.</p>	

<p><b>III апта</b></p> <p><b>«Өнер көзі-халықта»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p><b>1.Мақсаты:</b> Тура жолмен тепе-тендікті сақтап жүру, сапта жәй жүру және жүгіру, сигнал бойынша отырып-тұру дағдыларын меңгереді.</p> <p><b>2.Мақсаты.</b> Үлкен допты алысқа лақтыру, секіру, жүгіру дағдыларын меңгереді.</p> <p><b>3.Мақсаты.</b> Жұптасып сапта жүру және жүгіру дағдыларын , допты бір-біріне домалату, қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру туралы түсінеді.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b>Өнер көзі халықта</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалар қазақтың ұлттық аспаптарымен таныса отырып, ұлттық аспаптарды мақтаныш тұта білуді үйренеді.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Наурыз тойы» өлеңі Т.Молдағалиев</p> <p><b>Мақсаты:</b> Сөздерді анық айтуға, өлеңнің ұйқасын, тақпақтардың ырғағын, қуанышты, сүйсінуді бере білу дағдылары қалыптасады.</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Ұзындық. Шартты өлшемнің көмегімен заттарды ұзындығына қарай салыстыру».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ұзындық туралы түсініктері қалыптасып, заттардың ұзындығын бір- біріне салу арқылы және шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді үйренеді;</p> <p><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Су тіршілік көзі</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалар су туралы түсінікті және судың қажеттілігін, оның адамның, құстың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы туралы түсінеді.</p>	<p><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> « Алтын балық»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Заттардың үлгі бойынша олардың өзіне тән ерекшеліктерін, пішінін, пропорциясын және заттар мен олардың бөліктерінің орналасуын ескере отырып, сурет салуды біледі.</p> <p><b>Мүсіндеу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Әжемнің сандығы»</p> <p><b>Мақсаты:</b> мүсіндеудің тегіс нәрсеге бедерлі сурет түсіре білу әдісімен жұмыс жасауды біледі. Ермексазбен әшекей бұйымдарын жасай алады.</p> <p><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы: Наурыз</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға НАУРЫЗ мерекесі туралы мәлімет терді біледі, салт-дәстүрмен танысады. ,</p> <p><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы: Наурыз</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға НАУРЫЗ мерекесі туралы мәлімет терді біледі, салт-дәстүрмен танысады. ,</p>	<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Ұлттық киім мен әшекейлер»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалар ұлттық киімді, тұрмыс заттары мен әшекейлерді даярлаумен танысады.</p>
<p><b>IVапта</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p><b>1.Мақсаты:</b> Бірнеше доға астынан еңбектеп</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Көктемде»</p> <p><b>Мақсаты:</b>Тілде сөйлемдердің</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> 1, 2, 3, 4, 5 цифрлары мен сандары. Сан мен цифрды</p>	<p><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Ағаштар бүршік жарғанда»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ағаш</p>	



<p><b>«Нұр төккен, гүл көктем»</b></p>	<p>өтуді, сапта тізбектеліп жүру, жыланша ирелендеп жүруді біледі. Жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс орындауды, ойын ережесін ойын барысында сақтау қажеттігін түсінеді.</p> <p><b>2.Мақсаты.</b> Көлбеу қойылған тақтай үстімен жүріп өтуді, жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс орындауды, қол-аяқ қимыл үйлесімділігін түсінеді.</p> <p><b>3. Мақсаты.</b> Сапта жәй жүру және жүгіруді, тақтай үстіне шығу және бойымен жүру дағдыларын жетілдіру, қол-аяқ қимыл үйлесімділігін арттыру. Қозғалыстарын түсінеді.</p>	<p>әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолда алады. Жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастырады.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Тақырыбы:</b> Көктем өрнегі.  <b>Мақсаты:</b> Балалар көктем мезгілі туралы түсінеді. Көктем мезгілінің ерекшеліктерін өз ойымен айта алады.</p> <p><b>Орыс тілі</b>  <b>Тема:</b> «Весна – красна»  <b>Цель:</b> Формирование грамматически правильной речи у детей, умения составлять описательные рассказы по картине. Обобщить знания детей полученные по развитию речи. Воспитывать любовь и уважение на все живое и неживое.</p>	<p>сәйкестендіру.  <b>Мақсаты:</b> Заттың санын цифрмен сәйкестендіру қабілеттері дамиды; көру арқылы есте сақтау қабілеті, салыстыру арқылы балалар сан ен цифрды сәйкестендіреді..</p> <p><b>Жаратылыстану</b>  <b>Тақырыбы:</b> Көктем келді аулама  <b>Мақсаты:</b> Балалард қоршаған ортамен танысады. Көктем мезгілінің ерекшеліктері туралы түсініктерін, табиғат сұлулығын сезіне білуге, табиғатты аялауды біледі.</p> <p><b>Құрастыру</b>  <b>Тақырыбы:</b> Гүл (оригами)  <b>Мақсаты:</b> Қағазды бүктеу арқылы гүл жасай біледі. Жұмысты аяғына дейін аяқтауды біледі.</p>	<p>бұтақтарының, жапырақтары немесе гүлдері бар бұталардың (қызыл тал, мимоза, шырша, терек) суретін олардың өсіп тұрған түріне қарап салуды үйрету.</p> <p><b>Жапсыру</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Гүл салынған құмыра»  <b>Мақсаты:</b> Екі бүктелген қағаздан әртүрлі бейнелерді- жапырақтарды , гүл жапырақшаларын қиып алу тәсілдерін үйренеді. Әр түрлі тәсілдерді қолданып, бірнеше бөлікте тұратын зат құрастыру дағдыларын меңгереді.</p> <p><b>Музыка</b>  <b>Қайталау.</b></p>	
--	--	---	--	---	--

**2021 жыл, Сәуір айы**  
**Өтпелі тақырып «Біз еңбекқор баламыз»**

**Мақсаты:** Балалардың белсенді қимыл әрекеттерін ұйымдастыру, ересектермен еркін қарым –қатынас жасау дағдыларын дамыту. Еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарына деген құрмет сезімдерін білдіруге тәрбиелеу. Мектепке дейінгі жастағы балалардың денсаулық, тілдік, танымдық және шығармашылық деңгейлері бойынша білім, білік, дағдыларын арттыру.

**Міндеттері:**

1. Шынықтырудың түрлі тәсілдерін қолдану арқылы салауатты өмір салтын, жеке бас гигиенасын сақтауға қалыптастыру;
2. Үлкендердің еңбегімен таныстыра отырып еңбекті құрметтеуге үйрету. Еңбек әрекеттерін орындауға ынталандыру;
3. Түрлі техникаларды қолдану арқылы пәндік шығармашылық ортаны қалыптастыру, өнерге баулу;
4. Еңбек ету барысында қоршаған ортаны күтіп-баптауға қалыптастыру, бақылағыштық сезімдерін дамыту.

<p align="center"><b>I апта</b></p> <p align="center"><b>«Аялайық гүлдерді»</b></p>	<p align="center"><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p><b>1.Мақсаты.</b> Шектелген кеңістікте жүріп өтуге. (10-12 см ендіктегі сызылған ленте) қатарда жәй жүру, тізені жоғары көтеріп жүру, аяқ ұшымен және өкшемен жүру дағдыларын меңгереді.</p> <p><b>2. Мақсаты:</b> Жіңішке лента бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру дағдылары жетіледі. Допты кеуде тұсынан лақтыру қатарда жәй жүру, тізені жоғары көтеріп жүру, аяқ ұшымен және өкшемен жүру дағдылары дамиды.</p>	<p align="center"><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Бақшадағы гүлдер»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Өңгімелерді тыңдай білуді үйренеді. Өлеңдерді жатқа айту қабілеттері дамиды.</p> <p align="center"><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Ақұштап Бақтыгерееваның «Гүл ектік» өлеңін жаттау</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ақұштап Бақтыгерееваның «Гүл ектік» өлеңін жаттай отырып, табиғатты қорғауды, аялауды түсінеді.</p>	<p align="center"><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Заттарды қалыңдығы бойынша салыстыру</p> <p><b>Мақсаты:</b> заттарды қалыңдығы бойынша салыстыруды үйренеді. Көру арқылы алынған ақпаратты пайдаланып, жұмбақ шешуге, логикалық тапсырмаларды ынтамен орындай алады.</p> <p align="center"><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Гүлдер әлемі .Дала гүлдері.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Дала гүлдерінің түрлерімен танысады. Гүлдердің атауларын, сырт келбетін, жеке бөлшек атауларын айтуын, оларды баптап, күту ережелерін біледі.</p>	<p align="center"><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Алғашқы бәйшешектер»</p> <p><b>Мақсаты:</b>Гүлдер туралы олардың түрлері туралы түсінеді. Заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып салуы үйренеді.</p> <p align="center"><b>Мүсіндеу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Түймедақ гүлі»</p> <p><b>Мақсаты:</b>Қоршаған әлемнің әсемдігін эмоционалды қабылдайды.</p> <p align="center"><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы: Біздің ауыл тойы</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Дыбыс биіктігі мен тембрін ажыратуға үйренеді,</p>	<p align="center"><b>Қоршаған ортамен таныстыру.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Аялайық гүлдерді.</p> <p><b>Мақсаты:</b>Табиғатпен адамгершілік тұрғыда қарым-қатынас жасау тәжірибесі туған өлкесін мақтан ету сезімдері дамиды.</p>
---	--	--	--	--	--

	<p><b>3. Мақсаты:</b>          Доғаның астынан еңбектеп өту, қатарда жәй жүру, тізені жоғары көтеріп жүру, аяқ ұшымен және өкшемен жүруді біледі.</p>			<p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы:</b> Біздің ауыл тойы  <b>Мақсаты:</b> Дыбыс биіктігі мен тембрін ажыратуға үйренеді,</p>	
<p><b>II апта</b>  <b>«Ас атасы-нан»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b>  <b>Мақсаты.</b> Доғаның астынан еңбектеп өтуді қайталау          Қатарда жәй жүру, тізені жоғары көтеріп жүру, аяқ ұшымен және өкшемен үйлесімділігі дамиды.  <b>Мақсаты.</b> Қос аяқтап алға жылжып секіруді, қатарда жәй жүру, тізені жоғары көтеріп жүру, аяқ ұшымен және өкшемен жүру. Дағдылары дамиды.  <b>Мақсаты.</b> Допты қақпаға домалату          Шеңбер бойымен жәй жүру, бағытты өзгертіп жүру, жүгіруу, допты қақпаға домалатуды үйренеді.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>          «Наубайхана»  <b>Мақсаты:</b> Сурет бойынша әңгіме құрай отырып, балалардың сөздік қорлары молайады.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Алтын астық» өлеңін жаттау  <b>Мақсаты:</b> «Алтын астық» өлеңінің мазмұнын ашу, өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып, әр шумағын қайталау арқылы жаттайды. Астықты орып, жинау науқаны туралы балалардың түсініктерін кеңейеді.</p> <p><b>Орыс тілі</b>  <b>Тема:</b> «Хлеб - всему голова»  <b>Цель :</b> Формирование бережного отношения детей к хлебу и углубление знаний о нём. -создать условия для расширения представления</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> Реттік санау қабілетін нығайту  <b>Мақсаты:</b> Сандық және реттік санауды ажырата біледі. «қанша?», «нешінші?» сұрақтарына дұрыс жауап бере алады. Геометриялық пішіндерді атай алады.</p> <p><b>Құрастыру</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Наубайхана» (табиғи және қалдық материалдармен жұмыс)  <b>Мақсаты:</b> Табиғи материалдардан, жапырақтармен қорапшалардан наубайхананың макетін құрастыруды үйренеді.</p> <p><b>Жаратылыстану</b>  <b>Тақырыбы:</b> Көктемгі еңбек құралдары  <b>Мақсаты:</b> Адамдардың көктемгі еңбегімен танысып, көктемгі еңбекке арналған құрал-</p>	<p><b>Сурет салу</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Мерекелік дастархан»  <b>Мақсаты:</b> сәндік өнерінің сарыны бойынша өрнектермен дастарханның суретін салуды біледі.</p> <p><b>Жапсыру</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Дәмді бауырсақтар»  <b>Мақсаты:</b> Түстерді пайдаланып, геометриялық пішіндерден сәндік композициялар жасау, бейнелерді қиып ала отырып, жапсыру икемділіктері дамиды.</p> <p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы:</b> Көктем әндері  <b>Мақсаты:</b> Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын білу. Көктемгі құстардың</p>	

		детей о профессиях людей. занятых в производстве хлеба(тракторист, комбайнер, мельник, пекарь);	жабдықтарды ажыратып атай алады, олардың қажеттілігі мен қолданылуын түсініп еңбек әрекетінде қолдана білуге үйренеді.	сайрағаның музыкада ажырата біледі.	
<p align="center"><b>III апта</b></p> <p align="center"><b>«Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p><b>1.Мақсаты.</b> Шеңбер бойымен жәй жүру, бағытты өзгертіп жүру, жүгіруді біледі. Допты қақпаға домалатуды біледі.</p> <p><b>2.Мақсаты.</b> Шеңбер бойымен жәй жүру, бағытты өзгертіп жүру, жүгіру, ұзындыққа секіру дағдылары дамиды.</p> <p><b>3.Мақсаты.</b> Қатар жатқан қос лентадан секіріп өту. (ара қашықтығ: 10-15см) Өртүрлі қарқында жәй және жылдам жүру, жүгіруді біледі.</p>	<p align="center"><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Жәндіктер.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Жәндіктердің тіршілігі, олардың атауы, пайдасы мен зияны туралы түсініктерді біледі. Балалардың сөздік қоры, есте сақтау қабілетін дамиды.</p> <p align="center"><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Ыбырай Алтынсариннің «Өрмекші, құмырысқа, қарлығаш» ертегісі.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ертегіні оқып, мазмұнын түсіндіре отырып, сурет бойынша әңгімелеуге, байланыстырып сөйлеуге үйренеді.</p>	<p align="center"><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. Алыс – жақын.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Заттар санын цифрмен сәйкестендіру; кеңістікте бағдарлауды біледі. Логикалық есепті берілген мәліметтерге сүйене отырып шеше алады.</p> <p align="center"><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Жәндіктер</p> <p><b>Мақсаты:</b> Жәндіктердің кейбір түрлері (көбелек, шыбын, қоңыз, қанқыз, құмырсқа, инелік) туралы түсінеді.</p>	<p align="center"><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Қанқызы»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын меңгереді. Өзінің жұмыстарын және басқа балалардың жұмыстарын бағалай алады.</p> <p align="center"><b>Мүсіндеу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Қоңыз»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қанқыз және оның өзіне тән белгілерімен таныса отырып, әдемі мүсіндей алады.</p> <p align="center"><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы: Бесік жыры</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінмен, күш түсірмей әндете айтуды біледі.</p> <p align="center"><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы: Бесік жыры</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінмен, күш түсірмей әндете айтуды біледі.</p>	<p align="center"><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Табиғаттағы қауіпсіздік»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қауіпсіздік ережесін сақтауды үйренеді. Табиғат аясында өзін-өзі ұстау мәдениет дағдылары дамиды.</p>

<p style="text-align: center;"><b>IVапта</b></p> <p style="text-align: center;"><b>«Еңбек бәрін жеңбек»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b></p> <p><b>1.Мақсаты.</b> Әртүрлі қарқында жәй және жылдам жүру, жүгіру, ұзындықтан секіріп өтуді түсінеді</p> <p><b>2.Мақсаты:</b> Залдың бір шетінен екінші шетіне жүгіру, қол-аяқ қимыл үйлесімділігін дамыту жаттығуларын жасай алады.</p> <p><b>3.Мақсаты.</b> Бірқалыпты жеңіл секіруді үйрету. Белгіге жауап беру білігін дамыту. Гимнастикалық скамейка үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруді, белгілі бағыт бойынша жүгіру дағдысын жетілдіру.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Қол не үшін керек?»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Әңгімені түсіне отырып, әлемдегі жақсы істердің бәрі адамдар қолымен жасалатынын түсінеді. Сұрақ-жауап арқылы балалар өз ойын толық айта біледі.</p> <p style="text-align: center;"><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Құмырсқа туралы ертегі»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ертегі мазмұнын түсіне отырып балалармен бірге жұмыс жасай білуді үйренеді. Ертегі кейіпкерлеріне талдау жасай отырып. құмырсқаның еңбекқорлығын атап айта алады.</p> <p style="text-align: center;"><b>Орыс тілі</b></p> <p><b>Тема:</b> «Уборка групповой комнаты»</p> <p><b>Цель:</b> Формировать у детей умение работать в коллективе. Вызвать у детей активный интерес к совместному труду, желание помочь взрослому. Учить детей распределять работу между собой в команде.</p>	<p style="text-align: center;"><b>Математика</b></p> <p style="text-align: center;"><b>негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Бір және көп ,көп заттарды салыстыру</p> <p><b>Мақсаты:</b> Заттарды санына қарай салыстыру алу қабілетін арттыру ,бір зат пен көп затты бір-бірінен айыра білуге үйрету. Екі топтағы заттарды салыстырып, оларды теңестіру.</p> <p style="text-align: center;"><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Өсімдіктер</p> <p><b>Мақсаты:</b> Өсімдіктердің өсіп, дамуы және өнуіне судың маңызы туралы түсінік беру. Табиғатта өзін ұстаудың қарапайым ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p><b>Құрастыру.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b>Бақа.</p> <p><b>Мақсаты:</b>Берілген тақырып бойынша қағаздан (бақаны) құрастыруды үйренеді.</p>	<p style="text-align: center;"><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Құстың ұясы»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып салу</p> <p style="text-align: center;"><b>Жапсыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Жемсауыт пен ұя»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Жапсыру мазмұнын күрделі ете және әртүрлі бейнелерді жасау үшін мүмкіндіктерді кеңейте отырып, оған қызығушылықты тәрбиелеу.</p> <p style="text-align: center;"><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Поезд</p> <p><b>Мақсаты:</b> Әннің не туралы айтылатына түсіне біледі. Музыканың шығармашылық іс-әрекетін қарапайым, дағдыларын меңгереді.</p>	
---	---	---	--	--	--

## 2021 жыл, Мамыр айы

### Өтпелі тақырып «Әрқашан күн сөнбесін!»

**Мақсаты:** «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» білім беру салаларының мазмұндары бойынша меңгерген білім, білік, дағдыларын анықтау, бекіту

#### Міндеттері:

1. Дене жаттығуларын орындау, қимылды ойындар Ережелерін, спорттық ойындардың техникаларын меңгеру және жеке бас гигиеналарын сақтау дағдыларын беу;
2. Ана тілі және басқа да тілдерде барлық дыбыстарды дұрыс айту, қарым-қатынасқа түсу, сөйлемдердің әртүрлі түрлерін қолдану және сөйлеу дағдыларын бекіту;
3. Тәулік бөліктерін, кеңістіктегі заттардың орналасуын, түрлі мәселелерді шешудің әдістерін және құрылыс бөлшектерін анықтау дағдыларын бекіту. Қоршаған орта туралы қарапайым түсініктерін анықтау;
4. Шығармашылық дағдыларын, отбасылық құндылықтарын және отансүйгіштік сезімдерін бекіту

